



АЛ, ӘЙТПЕСЕ!

БІР ЕМЕС, 43 КӨЛІК ӘКЕЛГЕН

Соңғы кездері Еуразия экономикалық одағына мүше елдерден жеткізілген жеңіл көліктерге қатысты мәселе ел ішінде ерекше әңгіме өзегіне айналды. Әсіресе, Армениядан жеткізілген автокөліктерге қатысты заңсыздық даудамайға ұласты. Әйткені, жұрт темір тұлпарды бағасы арзан болғандықтан, жаппай сатып алып, енді тіркеу мәселесіне келгенде тығырыққа тірелді. Осы орайда, ішкі істер министрлігінің өкілдері *Jas qazaq* ұлттық апталық басшылығының тілшісіне берген түсініктемесінде өткен жылы жаздағы көлік саудасына қатысты ескертулерін ешкім назарында ұстамағанына өкініш білдірді.



Қазір елімізде Еуразия экономикалық одағына мүше елдерден жеткізілген 170 мың көлік бар екен. Бірақ дені тіркеуден өтпеген. Жат нөмірмен жүрген жұрт ақыры «сауда сақал сипатқанын» кеш түсінді.

Ішкі істер министрлігінің деректеріне қарағанда, еліміздің тек 475 азаматы кемінде 5 автокөліктен, жалпы саны 4152 автокөлік алып келген. Қазіргі есепке қарағанда, Армениядан көлік әкелуден

Алматы облысы алдына жан салмай тұр. Аймақта басқа нөмірлі 170 автокөлік жортып жүр. Тіпті осы салада бизнесін гүлдендіргендер де бар. Мысалы, Атырау облысының екі тұрғынының бірі 43, екіншісі 40 автокөлікті, бірақ алып келген. Осы секілді жекелеген саудагер азаматтар дем де байығанымен, негізінен зарлап шеккендер — еш жерде тіркелмеген көлікті сатып алғандар.


(Жалғасы 5-бетте)

ҚЫЛМЫС

ОНЛАЙН НЕСИЕ ОҢДЫРМАДЫ

«Қудың құйрығы бір тұтам». Қанша жерден айлаңды асырғанмен, жамандық жерде жата ма? Алаяқтың да қақпан қабар кезі болады. Павлодарда мектеп мұғалімі әріптестерінің атынан 1 миллион теңгеден астам несие алыпты. Бұл туралы облыстық Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады. Күдікті әріптестерінің төлқұжатын, жеке мәліметтерін қолына түсіріп, онлайн түрде 1 миллион 200 мың теңге несие рәсімдеген. Қазір осыған байланысты 8 әріптесі полицияға арызданыпты.

Полиция осыған ұқсас тағы бір оқиғаны хабарлады. 23 жастағы павлодарлық жігіт Instagram желісі арқылы қыздармен танысып, Ресейде бизнеспен айналысып жүргенін және ақша керектігін айтқан. Түрлі жантүршігерлік оқиғаны ойлап тауып, өзінің банк картасы жоқ екенін жеткізеді. Осылайша бес қызды алдап, WhatsApp желісі арқылы олардың құжат көшірмесін алып, 150-250 мың теңге сомасында онлайн несие рәсімдейді. Содан кейін қаражатты басқа шотқа аударуды өтінеді. Жыл басталғалы Кереку өңірінде 29 интернет-алаяқтық ісі тіркелген.



АБАЙЛАҢЫЗ!

БАЛАҚАЙ ДАЛАДА ҚАЛЫПТЫ...



Бала кезімізде: «Айналайын баладан, Тауып алған даладан. Далада бала жата ма?

Түсіп қапты шанадан» деген тақпақты жиі айтатынымыз есімізде қапты. Сол айтпақшы, бұл жолы бала шанадан емес, түн ішінде көліктен түсіп қалыпты.

Әңгіме төркіні былай: Қызылорда облысында жеңіл көлікпен келе жатқан ерлі-зайыптылар түн ортасында тасжолдың шетіне тоқтап, таза ауамен тыныстайды. Сол кезде артқы орындықта отырған 9 жастағы бала да дәретке отыруға шығады. Ал ата-анасы қайта көлікке мінгенде, артта отырған құлыншақтарының бар-жоғын елемеген де. Содан қайта жолға шығады. Ақырында балақай далада қалып қойған, деп хабарлады polisia.kz.

«Әр нәрсенің өз қайыры бар» демекші, жолды күзетуге шыққан полицейлер Қодаманов ауылының маңында жолда келе жатқан баланы байқаған. Тәртіп сақшылары баланы Шиелі аудандық полиция бөліміне жеткізіп, болған жағдайды сұрайды. Іле-шала LADA Vesta маркалы автокөлікке іздеу салынады. Көп ұзамай көлік тұрақтарының бірінен көлік табылды. Ата-анасы да алыста болмай шықты. Олар ұлдарын тасжолда қалдырып кеткенін полиция келгенде бір-ақ біліпті.

ОЙСАЛАР

Еліміз бойынша әкім-қаралар мен басқа да құзырлы орындардың басшылары жылды қорытындылап, халық пен билік орындары алдында өз есептерін беруде. Алайда түрлі деңгейдегі әкімдер мен министрлер осы басқосуды қалай өткізіп жүр? Ұйымдастыру жағы қалай? Жаттандылықтан арыла алдық па? Осындай сұрақтар қарапайым тұрғындарды да толғандырады сөзсіз. Біз осы орайда Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлының пікірін білген едік.



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты:

2 КҮН 2 МЫҢ АДАМ

120 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ҚАРАЖАТ


Жалпы әр түрлі деңгейдегі әкімдер мен министрлердің алқалық есептерінің форматтарын мүлдем өзгерту керек. Әкімдер мен министрлердің жалаң құрғақ есептері мен толып жатқан қасан цифрлары, алдын ала дайындап қойған сөйлеуші азаматтар мен сұрақ қоюшылары, сала бойынша кемшін мәселелер, оны шешудің жолдары аз айтылады. Көзбояушылық пен формализм көп.

Өткен аптада екі министрліктің алқасына бір топ әріптестермен қатыстым. Өңірлерден кемінде екі мыңдай мамандар шақырылғанын көрдік. Бірақ шалғай ауылдардағы, аудандардағы мәселелер туралы келген адамдардың пікірін ести алмадық. Ал онда қордаланған дүние бастан асады. Тек министрлер мен оның орынбасарлары күнделікті айтылып жүрген жайларды тізбелеп айтып бергендей әсер қалдырды. Мұндай жиналыстан қандай тиімділік күтуге болады? Қатысқан әріптестерім де осы пікірде болды.

Тек екі министрлік бойынша екі мың адамның Нұр-Сұлтан қаласына екі күнге іссапармен келіп кетуі кемінде тәулігіне әрқайсысы 60 000 мыңнан деп есептесек, екі күнге екі мың адамға 120 миллион теңге қаражат шығады екен. Қаржы тапшылығы жағдайында осы қажет пе? Онлайн жүйесінде жасауға да болады ғой. Президентіміз «керексіз шығынды азайтыңдар» деп үнемі айтумен келеді. Өкінішке қарай, тыңдар құлақ жоқ сияқты.

Магеррам МАГЕРРАМОВ, Мәжіліс депутаты:

«Отбасын жоспарлауда әйелі отағасымен ақылдасуы керек. Әсіресе жасанды түсік жасататын әйелдер, алдымен күйеуінің рұқсатын алса. Мен тек отбасылы келіншектерді айтып отырмын. Ер адамның міндеті ғана емес, оның құқығы да бар. Конституцияға сәйкес, мемлекеттің қорғауында бізде тек аналар емес, сонымен бірге әкелер де бар. Егер отбасын жоспарлауға әкелерге құқық берілмесе, онда ер-азаматтың міндетін де алып тастайық!».



Нұржамал ӨТЕМҰРАТОВА, дәрігер:

«Кешіріңіз, егер ол отбасының 5-6 баласы бар болса. Ол одан кейін 7-баласын өмірге әкеле ме, жоқ па, ол отбасының материалдық жағдайына байланысты. Ертең ол баланы асырай ала ма, жоқ па, бұл жерде әйел адам таңдау жасауға құқылы. Қазір көп отбасыларда ер-азамат тарапынан материалдық және рухани қолдау жоқ. Үй жоқ, күй жоқ деп жүрген де көпбалалы аналар. Бұл жерде өкенең жауапкершілігі қайда?».



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)
55,20



DOLLAR
378,49



EURO
417,21



РУБЛЬ
6,04

БИЛІК

Қыс ортасы ауа еліміз бойынша базар, азық-түлік дүкендерінде көкөніске деген сұраныс күрт артады. Бұл мезгілде сауда саласынан нәпақа тауып жүрген саудагерлер де бір тиыннан екі тиын пайда көргісі келеді. Бағаны негізсіз көтере қояды. Осы мәселеге ел Үкіметі де үнемі назар аударып, жергілікті әкім-қараларға бағаны тұрақтандыру бойынша тапсырма беріп келеді.

Ал биылғы жыл ойламаған жерден бағаға өзгеріс енгізгісі келгендей сынай танытты. Басты себеп, көрші елде — Қытайда тәжвирустың тарауы. Шекарада жүріп-тұру шектелгенін білген бойда саудагерлер де алақанын

министрі Бакыт Сұлтанов, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін шығару туралы ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров баяндады. Баяндамашылар былтыр әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның өсуі 10,4 пайыз болғанын айтты. Ал аймақтарда шекті бағадан асып кетудің 67 дерегі тіркелген. Мұның қайталанбауы үшін тиісті шаралар қабылдаған жөн. Мәселеге мән берген М.Мәмин: «Өңірлерде осы бағытта жұмыс істеу үшін қажетті құралдар бар. Сонымен қатар қантар айының қорытындысы бойынша біз тағы да әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының 0,3 пайызға өсуін байқап отырмыз», — дей келе, бұл үшін әкімдер баға мәселесін ерекше бақылауда

жерде баға мониторингі және электронды сауданы дамытуға халықты тарту қажеттігі туындады. Мәселен, Қарағандыда бағаға сараптама жасайтын PRICE SCANNER мобильді қосымшасы іске қосылған. Баға туралы барлық деректер азаматтардан алынған ақпаратқа енгізілген. Сонымен бірге Оңай Базар және Harro food Astana сияқты желілер ашылған. Олар азық-түлікті өндірушіден тұтынушыға дейін жеткізу тізбегін



Әлеумет.т⁰ «МЕРТВЫЙ СЕЗОН»

«Алматыда барахолка жабылып қалыпты», «Қара базарда қыбырлаған адам жоқ», «Қытайдан келетін тауар қымбаттап кетіпті» деген алыпқашпа әңгіме әлеуметтік желінің қызуын көтеріп-ақ тұр. Бұрын мұндай хабарға елен етіп, анық-қанығын білмей жатып, имандай сене қалушы едік. Қазір жалған ақпаратқа селт етпейміз. Барлық журналист солай. Көбі мәселенің анық-қанығын біліп барып, ақпарат береді. Өйткені, әлемжелі пайда болғалы арандатушылар, жалған ақпарат таратып, жарға жығатындар көбейген. Әсіресе, ұлтаралық, еларалық әңгімелерге абай болған жөн. Байқамай біреудің сойылын соғып, қайдағы біреудің мүддесі үшін күйіп кетуін бек мүмкін?!

Қытайдан коронавирус шыққалы жел сөздің айдары көтеріліп-ақ тұр. Жалған хабар таратқандардың алды ұсталып жатыр. Қара базар туралы хикая да соның жалғасы секілді.

«Қара базар қаңырап тұр» деген жалған хабар тараған соң, ақпараттың анық-қанығын өз көзімізбен көріп-білу үшін қазақстандықтардың «қазыналы ордасына» бардық. Жұрт арасында «Барахолка» атанып кеткен әйдік базарда бұрынғыдай ығы-жығы халық байқалмайды. Автотұрақта қаңтарылған көлік те таздың басындай ала-құла. Базарға кірдік. Сауда жасап жүрген жұрт қарасы сиреп қалғандай көрінді. Әр жер, әр жерде топтасып, әңгіме соғып тұрған сатушыларды көзіміз шалды. Кілем сататын базарға түсіп қалыппыз. Тып-тыныш. Аяғын айқастырып тастап, ұялы телефонынан кино көріп отырған сатушылардың бір-екеуін сөзге тарттық. «Кілем жақта сауда жоқ. Қазір бізде «мертвый сезон». Жолдың арғы бетіне өтіңіздер. Сол жақта адам көп болуы мүмкін», — деп жол сілтеді біреуі.

Жолдың арғы беті деп отырғаны — «қара базардың» екінші жағы. Балалар ойыншығын сататын жабық сауда сарайына келдік. Екі ай бұрын ғана осы жерден ойыншық сатып алған едік. Ол кезде халықтың көптігінен аяқ алып жүре алмағанбыз. Қазір өлі тыныштық. Сатушыларды сөзге тарттық.

— Бізде де «мертвый сезон», — деген қыздың көзі өз-өзінен күліп тұр.

— Here? Шекараның жабылып қалғанынан ба? Жұрт солай айтып жүр, — деді қасымдағы фотограф әріптесім.

— Шекараның жабылғанынан ба, баскадан ба, анығын білмеймін. Бірақ ойыншықты сатылатын кезі болады. Әсіресе, жана жылдың алдында саудамыз жақсы жүреді. Бірақ екі аптадан бері алушы азайып кетті. Жылда мұндай күн жылы кезде дүкенімізден адам аяғы үзілмейтін, — деп, мән-жайды өзіңше түсіндірген болды.

Киім сататын қатарға да бұрылдық. Жабысып жатқан сатушы, қырылысып жүрген базаршыны мұнда да байқамадық. Сауда үйінің алдынан жеміс-жидек сатқан келіншектерді сөзге тартқанбыз. Біздің журналист екенімізді қолымыздағы фотоаппаратымыздан түсінді ме, жұмған аузын ашпай қойды.

Айтпақшы, жақында сауда және интеграция министрі Бакыт Сұлтанов: «Тұтынушыларымызға өтінішім бар. Қазіргі уақытта саудагерлер Қытаймен шекара жабылғанына байланысты азық-түліктің бағасын көтере бастады. Осыған орай, Қазақстан Қытайдан әкелінетін және Қытайға жеткізілетін тауар қозғалысын тоқтатпағанын хабарлаймын. Бұл — тек бизнестің жосықсыз әрекеті», — деген болатын. Әдетте Қытайдан келетін тауардың дені — көкөніс. Көкөністің «отаны» — Көкбазар. Ендігі бағытымызды солай бұрдық. Сөреге жақындағанымыз сол еді, сатушы әйелдер «Не аласындар?» деп жармаса кеткені. Мандариннің бағасын сұрадық.

— Қай жәктікі керек? Алдын ала айтып қояйын, бізде қытайдікі жоқ, — деді, алғашқы сатушы.

— Бағаларын айтыңызшы?

— Пәкістандікі — 400 теңгеден. Түркия мен Марокко — 700, ирандікін 500 теңгеден беремін.

— Қызанақ пен қиярыңыз ше?

— Өзіміздің қоныр қызанақ — 1300, қияр —1100 теңге. Өзбекстаннан келген қызанақ — 850, қияр — 800 теңге. Қытайдікін сатпаймыз! — деді тағы да көршілеріне естіртіп.

Қытай мен Қазақстан арасындағы шекара бекеттерінің жабылғаны анық. Алайда көрші елден келетін тауарға шектеу қойылған жоқ. Бірақ базарда Қытайдан кіретін көкөністердің болмағаны қалай? Сатушылардан жауап таппай қайттық.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Фото: 365info.kz

ысқылай бастады. Бірақ қандай жағдайда да азық-түліктің бағасы бақылауға алынатын болды. Осы аптада Премьер-Министр Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сауда саласындағы түйінді тақырып жан-жақты талқыланды. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шаралары пысықталды. Бірқатар тапсырма берілді.

Баға мониторингі және әрекет ету шаралары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы сауда және интеграция

ұстап, жағдайдың өзгеруіне жедел әрекет ету керектігін атап өтті.

Бұған дейін өңірлік тұрақтандыру қорларында әлеуметтік маңызы бар өнімдердің табиғи қорын құру нәтиже бермегендіктен, балама құралдарға көшуді қамтамасыз ету жүктелгенді. Соның бірі — жеңілдетілген қаржыландыру арқылы сауда желісін ынталандыру. Сондықтан, министрлік «Айналым кестесі» жүйесіне өңірлерді қатысуға шақырған. Алайда бұл құралды Нұр-Сұлтан және Алматы қаласынан басқа ешбір өңір қолданбаған. Ендігі

ескергенде, баға тағы 52 пайызға өседі. Осыған тосқауыл қоюдың амалы — делдалдарға жол бермеу, отандық тауар өндірушілер үшін өнімді тікелей өткізу арнасын құру.

Биылғы 15 қантарда Үкімет жанынан жана жобалық кеңсе құрылған еді. Ол апта сайын мүдделі мемлекеттік органдар мен Азия даму банкінің қатысуымен отырыстар өткізуді бастады. Мұның да азық-түлік бағасының тұрақты болуына септігін тигізер деген үміт басым.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Аптаның айтары

Дәурен АБАЕВ,
ақпарат және қоғамдық даму министрі:

«Алдағы жылда мемлекеттік тапсырыс аясында жаңа жобаларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Атап айтқанда, отбасылық құндылықтарды дәрiптейтiн дәстүрлi музыканы насихаттау бойынша жобалар, кәсiпкерлiк сала мен ұлттық өнер түрлерi бойынша, әлемдегi жаңа технологиялар тұрғысында, сонымен бiрге балаларға арналған анимациялық жобалар баршылық. Дәстүрлi музыка мен күйлердiң, Абай Құнанбайұлының шығармалары мен қазақстандық авторлардың 100 жаңа оқулығын алға жылжыту бойынша аудиоподкастар әзiрленедi»

сауалы

Омархан ӨКСІКБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

– Терминалдан мемлекеттік тілде пойызға билет сатып алғысы келген адам, ақыр соңында сатып ала алмады. Біз бұл мәселені қалай шешіпкпіз. Қызмет түрі мемлекеттік тілде көрсетілуі керек деп есептейміз. Ал бізде керісінше, шет мемлекет сияқтымыз. Бұл мәселе заңда қарастырылған ба? Жоқ болса қалай шешіледі?

жауабы



Қайрат ТӨРЕБАЕВ,
сауда және интеграция вице-министрі:

— Қазақ тілінде қызмет көрсету – маңызды мәселенің бірі. Өздеріңіз білетіндей, тауарлар туралы ақпарат қазақ тілінде көрсетіледі. Алайда қазақ тілінде қызмет көрсетудің мәселесін әлі де шешуіміз керек. Алдағы уақытта жұмыс тобымен бірлесіп, бұл мәселені шешетін боламыз.

Нарық



↓ БАЗАР МЕН БАҒА ↑



Алматы, 07.02.2020

Геосаясат

АҚШ Мемлекеттік хатшысы Майкл Помпео Украина, Беларусь, Қазақстан және Өзбекстанға ресми сапармен келді. Ол Ташкент қаласында сыртқы істер министрлерінің қатысумен «5+1» (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, АҚШ) форматындағы өтетін жиынға қатысып, өзінің турнесін қорытындылады.

Аталған сапар, әсіресе, посткенестік кеңістікте қызу талқыға түсті. Себебі де белгілі. Украина түйткілі әлі де шешімін тапқан жоқ. Минск мен Вашингтон арасындағы дипломатиялық байланысқа сызат түсіп, екі мемлекет өз елшілерін кері шақырып алған. Ал Қазақстан мен Өзбекстан болса, АҚШ-тың Орталық Азиядағы жақын серіктестері болып табылады. Дейтұрғанмен, Кіндік Азия елдерінің Ресей және Қытаймен түрлі салаларда тығыз қарым-қатынас орнатқанын айту керек.

Украинаға сапар барысында мемлекеттік хатшы ел президенті В.Зеленскиймен канша жылдан бері тартысқа толы Донбасс мәселесін талқылады. Зеленский жағдайды реттеуде АҚШ белсенділік таныту қажет

американдықтар бұл жолы да аталған тақырыпты айналып өтпеді. Мемлекеттік хатшы брифинг кезінде Помпео: «Адам құқығы мен санкция мәселесінде жағдайдың біршама жақсарғанын байқаймыз. Нақты қандай жағдайларды ескере отырып, қандай санкцияларды алып тастайтынымыз әзірге белгісіз. Алайда, бүгінгі кездесу бізді мақсатымызға жетуге жақындата түседі. Дипломатиялық қатынастарымыз жақсара түсті. Бұл екі ел үшін пайдалы болмақ. Біз Беларуссияның аймақта тандауды өз бетімен жасауын қолдаймыз. Сіздер басқа бір күштердің айтқанымен емес, АҚШ пен Беларуссияның өзара қарым-қатынасына қолайлы болатын өздерінің мақсат-мүдденізді

дамыту, заңның үстемдігін күшейту және барлық салада экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін талқылағанын, өз елінің жақын уақытта қаржы секторы мен салық саласындағы маңызды реформаларға техникалық көмек көрсететінін жеткізді. Сонымен қатар, ресми Ташкенттің Ауғанстандағы бейбіт өмірді орнатуды қамтамасыз етуге үлес қосып жатқандарына ризашылығын білдірді. Ол АҚШ-тың Өзбекстан мен Ауғанстан арасындағы сауда қатынастарын дамыту үшін 1 млн доллар көлемінде қаржы бөлетіндігін айтты.



Ал 3 ақпан күні Ташкент қаласында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстанның сыртқы істер министрлері және АҚШ мемлекеттік хатшысы Майкл Помпео қатысқан «Орталық Азия — АҚШ» форматындағы кездесу өтті.

Аталған іс-шараның қорытындысы бойынша, тараптар шетелдік содырлардан келетін қауіп-қатер бойынша өзара ынтымақтастықты кеңейту, терроризм мен экстремизмге қарсы озық тәжірибелермен бөлісу туралы бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Бұл сапар қазіргі уақытта аймақта Ресей мен Қытайдың ықпалы артуына Американың алаңдаушылық танытып отырғандығын байқатты. Американдық дипломат, тіпті сөз арасында бұл елдерге «төнетін қауіпті» де айтып қалды. Осының өзі АҚШ-тың аймақтағы елдерде болып жатқан саяси және экономикалық үрдістерге бей-жай қарамайтынын көрсеткендей.

Ернұр КЕНЖЕБАЙ,
шолушы

COMMENT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Сейсенбі күні Еуропарламентте «Қазақстан тәжірибесі: Сириядағы содырлардың отбасын отанына қайтару» атты тақырыппен конференция өтті. Жиында елімізден барған сарапшылар «Жусан» гуманитарлық операциясы туралы баяндады. Қазақпараттың Брюссельдегі тілшісі хабарлағандай, француз депутаты Тьерри Марианидің қолдауымен өткізілген осы басқосуға Еуропарламенттегі депутаттар, сарапшылар, Еурокомиссия өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен журналистер қатысты.

«ЖУСАННЫҢ» ӨНЕГЕСІ

Конференцияда сөз сөйлеген Тьерри Мариани «Магриб елдеріндегі түрмелерде біздің көптеген азаматтарымыз отыр. Біз отандастарымызды елге қайтаруда Қазақстан тәжірибесінен үлгі алғымыз келеді» — деп мәлімдеді. Ал Ланкестікке қарсы орталық штаб бастығының орынбасары Сергей Швейкин Сирия аумағындағы біздің азаматтардың аты-жөндерін сәйкестендіру, елге әкелу және бейімдеу шаралары туралы айтып берді. Ол өз сөзінде: «Біздің еліміздің отандастарымызды елге қайтару тәжірибесі халықаралық терроризмге қарсы күреске айтарлықтай үлес қосты. Тиімді әдіс-тәсілдерді жасап шығару үшін аталған



тәжірибе жан-жақты зерттелуде. Бұл жұмысқа мемлекеттік мекемелермен қатар, үкіметтік емес ұйымдар да тартылды» — деп атап өтті.

Конференцияда «Жусан» операциясы арқылы аясында соғыс аумағынан Қазақстанға оралған Сабинелла Аязбаева өзінің 5 баласымен Сирияда 4 жыл бойы көрген азабын баяндап, жиынға қатысушылардың көзіне жас келтірді.

Жиында Еуропарламент депутаты Жером Ривьер соғыс аймағынан азаматтарын қайтару 50-ден астам мемлекет үшін ортақ мәселе екенін айта келе, сол себепті, өзара тәжірибе алмасу аса қажеттігіне тоқталды.

Конференция қорытындысы бойынша, Еуропарламент өкілдері Қазақстан билігінің бұл бағытта атқарып жатқан жұмысына жоғары баға берді. Алдағы уақытта Еуропа елдері Сирия жерінде жүрген өз азаматтарын елге қайтаруды қолға алып жатса, олар Қазақстанның өнегелі тәжірибесіне сүйенері сөзсіз.

Сұхбат

Елімізде діни экстремизм мен терроризмге күрес ұдайы бақылауда тұр. Өйткені, асыл дінімізді басқа мақсатта пайдаланғысы келетіндердің бары шындық. Осы орайда біз Алматыдағы «Нұр-Мұбарак» Египет ислам университетінің магистранты, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес мәселесін зерттеуші теолог - Жандәулет Сүлейменовпен жат ұйымдардың насихаты, жастардың діни жат ағымдарға қарсы иммунитетін қалыптастыру төңірегінде сұхбаттастық.

Жас қазақ: Жандәулет мырза, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізу бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшесісіз. Жат ағымның жетегіне еруге қай жастағы адамдар бейім? Тұрмысы төмен адамдар тез ереді деген пікір бар. Маман ретінде сараптама жүргізіп көрдіңіз бе? Жат ағымға кімдер тез арбалатады?

Ж.Сүлейменов: Басқа жаспен салыстырғанда көбіне 17-28 жас арасындағылар көп кездеседі. Кері ағымға кететіндердің себебі өте көп. Діни радикалды ағымдар әлеуметтік жағдайының жоғары немесе төмен, зайырлы жоғары білімге ие болғандарды және тағы да басқа қандай да болмасын әр-түрлі қоғамның өкілдерін тартуға тырысып бағады. Әр қоғамның өкілдерін тетіктері бойынша қолдануға, ұйымның жұмысын жандандыруға мүмкіндіктер қарастырады. Бір мысал ретінде ойыма келіп отыр, «мектепті қызыл аттестатқа, тіпті жоғары оқу орнын қызыл дипломға бітірген адам жат ағымға арбалды. Бұл жерде бай немесе кедей, білімді білімсіз адам тез арбалатады деген нақты факты жоқ.

Жас қазақ: Кері ағымға еріп кетпеу үшін неден сақтануымыз керек?

Ж.Сүлейменов: Айтып өткенімдей, жат ағымға үгіттеушілер белгілі бір мамандықты таңдамайды. Ең бастысы, адам діни сауатты болуы керек. Қазір ақпарат көп. Жан-жақтан түрлі ақпараттар ағыны бізді басып тұр. Бұл жерде біз әрбір ақпаратты сүзгіден өткізіп барып қабылдауымыз керек. Керек жағын өзімізге аламыз, керек емес ақпаратты шығарып тастағанымыз дұрыс. Өкінішке қарай, арбалып жүрген жастарымыз дін ғылымының негізгі методологияларын менгерместен, өзіндік тар көзқараспен түсінуге тырысып бағады. Ал бұл

өз кезегінде діндарлар арасында келіспеушілік тудырады. Яғни қоғамда қалыптасқан дұрыс дәстүрлі діни көзқарасқа ұстанушы тарапқа қарсы келуші екінші бір жансақ пікір білдірушілер пайда болуда.

Жас қазақ: Елімізде экстремизм мен терроризмге қарсы қандай шаралар қолға алынды? Осы бағытта атқарылған қандай жұмыстарға қатыстыңыз?

Ж.Сүлейменов: 2018 наурыз айында діни экстремизмге қарсы



мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Бұл кезінде 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы мемлекеттік бағдарламаның жалғасы. Яғни 2013-2017 жылы жүзеге асқан бағдарламаны саралай келе қорытынды жасалды. Қай жерде кемшіл кетті, қай тұсты әлі де болса, реттеуіміз керек деген секілді мәселелер сараланды. Көрсеткіштерді талдау арқылы мемлекет бағдарламаның қажет екенін түйсініп, оны жалғастыруды жөн көрді. Бағдарламаның негізгі мақсаты — діни экстремизмнің және терроризмнің алдын алу, жою. Мемлекеттік бағдарлама болғандықтан, құзырлы органдармен бірлесіп жүзеге асырылатын тапсырма көп. Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жұмыстың ұйымдастырушысы, жүзеге асуына атсалысушысы ретінде жұмыстар жасалды. Алматы қаласы еліміздің басқа да өңірлері бойынша маман ретінде ақпараттық түсіндіру бойынша тұрғындармен кездестік. Қазіргі таңда да, осы бағытта ғылыми-зерттеулер бойынша да, тәжірибе бойынша да жұмыстар атқарылуда. Өзім де осы оқу

орнында осы тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасап келемін. Бағдарламаның басты мақсатының бірі — елімізде тыйым салынған деструктивті ағымдардың алдын алу. Одан бөлек «Жусан» операциясын ең ауқымды жұмыстың бірі деп атар едім. Өйткені, еліміз осындай күрделі операцияны ең алғашқы болып бастаған мемлекеттің бірі.

Жас қазақ: «Жусан» операциясы аясында елге оралған азаматтармен кездестіңіз бе? Отанына оралған азаматтардың пікірі қандай?

Ж.Сүлейменов: Жұмыс барысында олармен сұхбаттасып, түсіндіру жұмысын жүргіздік. Санасындағы проблемаға бола радикалданып, адасып, Сирия асқан адамдар бар. Оқиға болды, өтті. Ал біздің Конституциямыздың



алғашқы бабында: «Мемлекеттің басты байлығы — адам және оның өмірі деп көрсетілген». Біз — зайырлы елміз. Дінге еркіндік берген елміз. Азаматтарымыздың өмірі — мемлекет үшін маңызды. «Жусан» операциясының бірінші кезеңі Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асты. Кейінгі операциялар қазіргі Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жалғастыруымен жүргізілді. Өрине, Сириядан келген азаматтарымыз мемлекеттің жігі бақылауына алынады. Олармен теолог, психолог

секілді мамандар жұмыс істейді. Менің жеке басымда Сириядан оралған келіншектермен кездесіп, теологиялық түсіндіру жұмыстары барысында белгілі бір радикалды агрессия байқалмады. Керісінше, мемлекетке айтатын алғысы шексіз. Бейбіт елге келіп, өздерінің қателігін түсініп, егіліп-жылап, мемлекетіне алғысын жаудырған келіншектің сөздері есімде қалыпты.

Жас қазақ: Діни экстремизм — қауіпті құбылыс. Маман ретінде олармен күресу жолы қандай екенін айтып бере аласыз ба?

Ж.Сүлейменов: Діни экстремизм мен терроризм — өте күрделі мәселе. Жаһанды дүр сілкіндірген «құс тұмауы», «тәж вирусы» дейміз. Бұл — бактериялық және материалды құбылыс. Көзге көрінеді, зерттеледі. Ал діни радикализм материалдық тұрғыда көзге көрінбейді. Бұл идеологиялық қауіпті вирус деп айтуға болады. Неге десеніз? Фактілер өте көп. Енді бұл мәселемен қалай күресу керек деген сұрақ туындайды?

болмайды маман ретінде сараптама жүргізіп көрдіңіз бе?

Ж.Сүлейменов: Магистратураның алғашқы курсында академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелге тәжірибе алмасуға бардық. Түркияның Ыстамбұл қаласындағы «Мәрмара» университетінде білімімізді шыңдадық. Ол Орталық Азиядағы алпауыт университет. Өз алдына үлкен «Теология» факультеті бар. Университетімізден 9 магистрант барып, жарты жылдай білім-тәжірибе жинадық. Зерттеп жүрген тақырыбым діни экстремизм мен терроризм мәселесі болғаннан кейін Түркияда бұл мәселе қалай қолға алынды екен деп материал жинақтадым. Мысалы, Түркияда менің бір байқағаным, діни ағымдар туралы, оны жасап жатқан жұмысы туралы ақпарат жабық. Біздің елде әр облыста дін мәселесін зерттейтін мекеме бар. Ал Түркияда бұл мәселе қалай жүзеге асырылып жатқаны жабық, ақпарат жоқ. Біздің елде кез келген адам қауіптенсе, белгілі бір мамандарға, оңалту және кеңес беру орталықтарына бара алады. Екінші байқағаным, терроризм мен экстремизм мәселесі тек ислам дінінде емес, өзге діндерде де бар. Ислам атын жамылып, өзінің теріс әрекетін жүзеге асыратын ұйым. Қазір осы мәселені зерттеп жатырмын. Былтыр Ақтөбеде дін саласындағы оңалту мәселесімен айналысып жүрген мамандардың халықаралық басқосуы өтті. ТМД елдерінің мамандары қатысып пікір алмастық. Біздің елде ең алдымен идеологиялық бағытқа басымдық беріледі. Ең алдымен, адаммен жұмыс жасаймыз, оны оңалтумен түсіндіру жұмыстарын жүргізумен айналысамыз. Ал басқа елдерде тура біздің елдегідей идеологиялық жұмыстардың бар екенін ести алмадық. Өрине, құқықтық тұрғыда олардың бұл мәселені бағалайтынын аңғардық.

Жас қазақ: Жат ағымды насихаттайтын видео, уағыз болсын әлеуметтік желіде ақпарат ашық. Ғаламторды шектеу арқылы экстремизмнің алдын алуға бола ма?

Ж.Сүлейменов: Өрине, алдын алуға болады. Ғаламторға шектеу мүлдем қойылмай жатыр деуге болмайды. Өйткені, құзырлы орындар тыйым салынған ұйымдардың желісін шектейді. Белгілі бір бұғаттау да жүргізіледі. Тек алдағы уақытта мұндай желілермен күресті бұдан әрі жандандырумен, сонымен қатар альтернативті түрде белсенді жүргізген жөн.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

ғой. Соның өзінде жартылай жабайы. Сондықтан, инкубаторсыз балапан шықпайды. Құс өсірген фермер

«Жұмыртқасы инкубаторда 16 күн тұрады. Кейбіреулер «Ойбай, инкубатордан шыққан» деп шошиды. Олай емес. Бұл тек өмірге келу тәсілі ғана. 37,7-38°C қажетті температура, ылғалдылық сақталса, жұмыртқалай береді. Мекиені де балапан басқанда сондай жағдай жасайды», — деді. Айман ханым бөдене өнімінің 80 пайызын жұмыртқа түрінде, 20 пайызын ет түрінде сатады. Шымкентте тірі құсты алушылар көп болмағандан кейін етке өткізеді. Ол: «Бір бөдененің бағасы 500-1000 теңге шамасында ғана. Екі

Кәсіп пен нәсіп

Қазірде елімізде шағын және орта бизнеске айрықша көңіл бөлінуде. Шағын несиелеудің көкжиегі кеңейді. «Бизнестің жол картасы – 2020», «Astau Бизнес», Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы сияқты бағдарламалар баршылық. Бұлардан бөлек, кәсіпкерлікті үйренем деушілерді «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы 1-3 айлық курстарға оқытуда. Әсіресе, аз қамтылған, кәсіп бастағысы келетін көпбалалы аналарды мемлекет қаржылай қолдап жатыр. Ең бастысы, ниет болса болғаны. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан» 505 мың теңге грант беріледі. Былтыр шымшаһар бойынша 4500 грант бөлінген болатын. Сол бір айлық оқу курсынан өтіп, 505 мың теңгелік грантты ұтып алғандардың бірі – көпбалалы ана Айман Құлышова.

Кайтпас-1 шағынауданының тұрғыны үйінде бөдене шаруашылығымен айналысады. Айманның бөдене құсын, оның жұмыртқасын кәсіп қылғанына 10 жылдан асыпты. Басында базардан сары ала жұмыртқасын көріп жәй қызығушылықпен бастаған. Федя деген кісіден он шақты жұмыртқа әкеліп, бастырып шығарады. Ол тұқымдар майда боп шығады да, құсты да, жұмыртқасын да ірілендіру мақсатында Алматыдан іздестіреді. Әсілі, бөдененің пошымы – шап-шағын. Көлемі әр алуан болады. Ең аз салмағы 10 грамм болса, біреулері 15-20 грамға дейін барады.



талап етеді. Бұл құс жылуды жақсы көреді. Қыста жылы ұстап, жазда желдеткіш қойып, бөлмеде 20-25 градус бірқалыпты температура болуы шарт. Бөдененің «бөлмесін» қыстыгүні 18-20 градустан төмен түсірмеуге,

айға дейінгі бөдене 1000 теңгенің айналасында. Жұмыртқадан жана шыққан балапанның 100 теңгеден басталады. Етінің бір келісі – 2500 теңге. Қазір көбіне той, жиындарға тапсырыс береді. Дастарханға тансық ас ретінде жұмыртқасы мен етін безендіріп қою сәнге айналды. Етінің дәмі тауықтың етіне ұқсамайды», — деп қазаққа беймәлім шаруашылықтың жайын түсіндірді.

Айман Құлышова: «Еті мен жұмыртқасынан бөлек, бөдене шаруашылығының сан түрлі қырын дамытып, пайда табуға болады. Етін тұздап, жұмыртқасын маринадтаса, жеңсіз ас ретінде желінеді. Кептірілген киын ұнтақтап, қаптап ұсынсаңыз, тыңайтқыш ретінде өтімді болады. Жүнін жастықтың мамығына пайдаланса, тіпті керемет! Ол үшін құстың басын көбейтіп,

ерінбей айналысу керек», — деді. Айман ханым бөденені жапондар біліп қана қоймай, ұлт денсаулығын жақсартуға қолданатынын айтады. Тіпті, мектеп жасындағы балаларға күніне екі бөдене жұмыртқасын тегін береді екен. Қытайда 70 млн, Ресейде 350 мың бөдене басы бар екенін айтты.

Ал бізде бұл сала ақырындап дамып келеді. Үшінші мегаполистің Сайрам ауданында бөдене өсіретін шаруашылық баршылық деп естиміз. «Малышева» атты жеке шаруашылық бұл құстың өнімдерін супермаркеттерге тарататынын хабарымыз бар. Бірақ бөдене әлі заңды түрде тіркелмеген көрінеді. Яғни заңдастырылмаған, реестрге енгізілмеген. Тауыққа бар. Бөденеге жок. Бөдене асырасаныз, тіркей алмайсыз. Бұл біздегі ауыл шаруашылығы министрлігі ескерер өзекті мәселе деп ойлаймыз.

Түсінгеніміз, біздің елімізде «ханнның асы» саналатын бөдененің еті мен жұмыртқасынан басқасын пайдалану әлі жолға қойылмай келеді. Ал бұл тек асырайтын адамға ғана байланысты емес. Тұтынатын қарапайым халыққа да қатысты. Демек, былайғы жұрт әлі де бөдененің пайдасы туралы көп біле бермейді. Ал Айман Сейілбекқызы оның пайдалы тұсын әлдеқашан біліп, кәсібіне айналдырған. Одан жақсы болмаса, жаман болып отырған жок.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы



Біздің кейіпкеріміз Орынай он жылға созылған қиындықтан айналдырған төрт-бес күннің ішінде шыққан адам. Науқас бала, жоқшылық, пәтер жағалаған күндер. Өміріндегі күнделікті қайталанып жатқан картина енді келмеске кетті. Өйткені, оған жақында халық асарлатып баспана алып берді. Талайлардың жүрегін жылытқан бақыт оқиғасы Атырау облысының Құрманғазы ауданына қарасты Теңіз ауылында болды. Осы істің басы – қасында Құрманғазы ауданындағы еріктілер жур.

Өздері бейресми түрде «Құрманғазы қайырымдылық қоры» деп атап кеткен еріктілер қозғалысына жергілікті кәсіпкер Ерлан Тарихов басшылық етеді.

Қор он беске жуық азаматтың басын қосып отыр. Бірі – кәсіпкер, бірі – қарапайым қызметкер. Олар табысының ауқымды бөлігін қайырымдылық мақсатында жұмсап келеді. Бүгінгі сұхбатымыз ізгіліктің нұрын шашып жүрген мейірімді жандар туралы.

Jas qazaq: Сіздерді қайырымдылық жасаудың ерекше форматын өмірге әкелгендер десек те болады. Өйткені, жумадан жұмаға дейін жақсылықпен жасауға әбден дағдыландыңыздар. Осы бағытқа қалай бет бұрдыңыздар.

Е.Тарихов: Осыдан біраз уақыт бұрын әлеуметтік желіде төрт баласымен жалғыз қалған әке туралы бейнекөрініс жарияланды. Балаларын жетілдіру үшін шыр-пыр болып жүрген әкенің жағдайы көпшілікті алаңдатып, халықтың тілегі осы отбасының баспаналы болуына әкелген еді. Бұл оқиға «Құрманғазы

Ерлан ТАРИХОВ,
«Құрманғазы қайырымдылық қорының» жетекшісі:



МАҚСАТЫМЫЗ – ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



қайырымдылық қоры» деп аталатын еріктілер қозғалысын өмірге әкелді. Өзім де бала күнімен қиыншылыққа өстім. «Есейген шағымда дәулетті боламын, басқаларға көмектесемін» деп іштей серт беретінім. Балалардың мөлдіреген көзін, қиналғаннан басын тауға да, тасқа да ұрып жүрген құрманғазылық әкенің жағдайын көргенде қайырымдылықты мықтап қолға алуды ұйғардым.

Jas qazaq: Осы уақыт аралығында еріктілердің ұйытқы болуымен үшінші баспананы пайдалануға беріп жатырсыздар...

Е.Тарихов: Иә, үшінші жылға аяқ басқан қорымыз мұқтаж жандарға тұрақты көмек көрсетумен айналысуда. Мәселен, өткен жылы екі отбасының баспаналы болуына көмектестік. Соның бірі – Құрманғазы ауданына қарасты Орлы селосындағы тұрмыс төмен көпбалалы отбасы. Жергілікті тұрғындарды



Волонтерлік – жай тегін жұмыс емес. Бұл азаматтардың жауапкершілігі мен олардың әлемді жақсартуға дайын екендігінің көрсеткіші. Бұх мәліметі бойынша, волонтерлердің әлемдік экономикаға қосқан үлесі жыл сайын 400 миллиард доллардан асады. Волонтерлікті тек бір реттік сенбілік немесе экологиялық іс-шара, челлендж ретінде қабылдау қателік болып табылады. Ол өте маңызды әрі қажет нәрсе. Сондықтан мен оны қолдаймын.

(Қ.Тоқаев Қазақстан Президенті)

ұйымдастырып, қыста асарлатып үй тұрғызып берген еріктілеріміз балалардың сол күнгі бал-бұл жанған жүзін ұмыта алмай жүр.

Қиналып кеткен адамға қол ұшын созу – адамдықтың белгісі. Жабырқап жүрген көңілдердің жалдыраған сәтіне куә болу сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезім...

Jas qazaq: Білуімше, сіз бастаған еріктілер мұқтаждарға көмек қолын созудың бірнеше бағытын іске қосқан...

Е.Тарихов: Иә, қазір қор үш бағытта жұмыс

жүргізуде. Бірінші бағыт – мұқтаж жандарды азық-түлікпен қамтамасыз ету. Екінші бағыт – киім-кешек. Сол үшін Құрманғазы орталық «Серпер» базарында арнайы дүкен аштық. Ол жерден мұқтаж жандар керек киім-кешекті тегін алып кете алады. Үшінші бағыт – баспанамен қамтамасыз ету. Яғни әр жұма сайын мұқтаж отбасыларды аралап, көмек көрсету барысында тізімді толықтырып отырамыз. Біздің мақсатымыз – қиналып жүрген жерлестерімізге дер кезінде демеу болу. Және өз іс-әрекетіміз арқылы жастарды имандылыққа үндеу. Ерікті болу – әр адамның саналы түрдегі таңдауы ғой.

Jas qazaq: Сөз соның күні кеше орын алған қуаныш – Орынай Бекжанованың баспаналы болу тарихымен қорытындылап жіберсек. Жалпы, бұл жобаны қалайша қысқа мерзім ішінде аяқтап тастадыңыздар?

Е.Тарихов: Әдетте, еріктілер қозғалысы аптаның әр жұмасы сайын жок-жітік отбасыларды аралап, азық-түлік таратамыз. Осындай кезекті акцияның кезінде біз Орынай апайдың үйіне келіп қалдық. Жалдап отырған пәтерінің жағдайы мәз емес. Әрі апайдың үш баласы бар. Үлкен қызының сырқатына шыдамаған отағасы бір кездері отбасын тастап кеткен. Осы жағдайды естіген кезде, оған қалай да көмектескіміз келді. Сөйтіп, бұл отбасын камераға түсіріп, бейнежазбаны ғаламтор арқылы тараттық. Ғажабы сол, апайдың басындағы жағдайды көрген бауырларымыз керекті соманың небары төрт күннің ішінде жиналуына атсалысты. Осылайша, халықтан жиналған 2,2 миллион теңгеге төрт бөлмелі үй алынды. Жақсы істің тез бітуіне өзіміздің еріктілеріміз де арамызда қомақты қаржы жинадық. Осы ретте игі іске ерікті бауырымыз Жәстілек Онашевтің ерекше атсалысқанын атап өткім келеді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

ҚБІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

БӨДЕНЕ ЖҰМЫРТҚАСЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСІ

АДАМНЫҢ ЖАСЫ	ЖҰМЫРТҚА САНЫ
1-ден – 3 жасқа дейін	1-2 дана
3-тен – 6 жасқа дейін	2-3 дана
8-ден – 12 жасқа дейін	3-4 дана
12-ден – 18 жасқа дейін	4 дана
18 бөн 50 жас аралығы	5-6 дана
50-ден жоғары	4-5 дана

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасындағы кәсіпкерлікке оқыту курсы жайлы хабарды құлағы шалып қалады. Артынша

бөденесі жабайы бөдене сияқты өз бетінше балапан баспайды. Бұлар кезінде қолға үйретіліп, селекция арқылы шығарылған

Орынай БЕКЖАНОВА,
ауыл тұрғыны:

Шынымды айтсам, біраз жылдан бері жанымды қинаған мәселе уақыт ішінде шешіледі деп ойламаппын. Үйге кіріп-шығып, әлі қызықтап жүрмін. Бұрын олай-бұлай болып кетіп жатсам, балаларым қайда қалады деп уайымдайтынмын. Енді бұл мәселеге алаңдамайтын болдым. Көрінгеннің босағасын сығалап жүрген күндер арта қалды. Ерлан Тарихов бастаған еріктілерге алғысым шексіз. Мен оларға өмір бойы қарыздармын.

Ашық әңгіме

Біз әдетте алдыңғы буын ағалардан сұхбат алып, солардың ел мен жер, ұлт болашағы туралы айтқан ойына көбірек мүмкіндік береміз. Газетіміздің соңғы сандарында орта буын өкілдеріне сөз бере бастадық. Өйткені, егемендіктің алғашқы жылдары атқа мінген жастардың алды қазір ел ағасы болып қалды. Елдің ендігі сөзін осы азаматтар сөйлейді. Бүгінгі әңгіме-сұхбатымыз бір тақырыптың төңірегінде болмағанымен, оқырман әр әңгіменің астарындағы қорғасындай ойдың, сүңгідей сөздің салмағын түсінеді.

Жас qazaq: Жүсіпбек аға, өткен аптада үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаев жазушыларды қатты сынады. Кітап көп шығады, бірақ оқылмайды. Осыны Жазушылар одағы ойлануы керек дегендей әңгіме айтты. Шынымен, жазушылардың кітабы соншалық көп шығып жатыр ма? Неге оқылмайды? Әңгімені осыдан бастасак...

Ж.Қорғасбек: Бердібек Сапарбаевтың жазушылар туралы айтқан сөзін естіген де, оқыған да жоқпын. Бірақ кітаптың ондаған мың данамен шығып, жазушылардың шалқып жатқанын, кітабы өтпей, дүкенде сіресіп тұрғанын көрген жоқпын. Кітап оқылмайды деген де біржақты пікір. Өйткені, мен 4-5 жылдай «Кітапхана» деген хабар жүргіздім. Басында «Мәдениет» телеарнасынан берілетін. Кейін «Хабар» мен «Қазақстан» арналарында жалғасты. Бір жолы Түркістан облысына жұмыспен барғанмын. «Кітапхана» деген хабарыңыз жақсы еді. Неге жабылып қалды? Қайтадан жалғаса ма?» деген сұрақ алдымнан шықты. Қарапайым адамдардың кітапқа деген құрметі жоғалмаған. Жаңағындай сұрақтарды қойып жүргендер сол қарапайым адамдар. Олардың қалаларға іздеп келіп, кітап сатып алуға ақшасы да жоқ шығар. Бірақ кітапты бәрінен жоғары қояды. Жаңағындай сөздермен біз сол ықыласты суытып алмасак болды. Жағдайы барлар, ақшасы көптер токмейілісіп кітап оқымайтын шығар. Алайда кітап — адамның рухани азығы екенін әлі ешкім жоққа шығарған жоқ. Кітап арқылы адам иманға келеді. Кісілік, адамгершілік қасиеттердің бұлақ көзі кітапта жатыр. Сондықтан, кітап

аяғына, аяғын басына айналдырып шығара беретін ақсақал қаламгерлер бар. Тіпті, олардың соңғы 15-20 жылда жазған бір жана дүниесін іздеп таппайсыз. Бірақ жазушымын деп күпсінгенде, күлсіі жыртылады. Кітап шығару деген осы ма?

Ж.Қорғасбек: Кітап жазу деген онай шаруа емес, бауырым! Бір кітап түгiлi, бiр әңгіме жазсаң да, жаныңды жеп отырып жазасың. Ал көлдей роман жазу — ол тіпті бөлек әңгіме. Кейде жазушы бір кітабымен немесе бір әңгімесімен тарихта қалады. Ал кейбір қаламгер өмір бойы жазса да, ілікке алатын бір шығармасы болмайды. Отыз жасында бір жақсы кітап жазып, сол атағымен қалған қаламгер де бар біздің әдебиетте. Жазуға да күй керек, шабыт керек, ең бастысы, еңбек керек. Ал спортшы сияқты «екінші тынысы» ашылып, қолынан қаламы түспей жазып келе жатқан ағаларымызды өзің де білесің.

Сайын Мұратбеков деген керемет жазушы өтті өмірден. «Жабайы алма» деген таңғажайып шығармасы бар. «Жабайы алмадан» кейін де біраз әдемі әңгімелер жазды. «Жабайы алманы» кейін толықтырып шығарды. Бірақ бәрібір алғашқысындай болған жоқ.



Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК, жазушы-публицист:

ЖАНЫМДЫ СЫҒЫП АЛҒАНДАЙ БОЛАДЫ

оқылмайды деген біржақты пікірді миымыздан алып тастауымыз керек. Тіпті айтудың да қажеті жоқ.

Жас qazaq: Оқырмандар арасында мынандай бір пікір бар: жазушылар бүгінгі күннің тақырыбын жазбайды, пәтер жалдап өмір сүрген бүгінгі күннің кейіпкерін, арба сүйреген жігіттерді, көшедегі қыздарды қаламына серік етпейді. Сондықтан олардың кітабы оқылмайды деген пікірде. Бұған не дейсіз?

Ж.Қорғасбек: Нобель сыйлығының иегері, өзіміздің түрік Орхан Памуктың «Қар» деген романы бар. Сол роман мектептегі оқушы қыздардың орнамал тағу мәселесімен басталады. Біздің елде де бұл қып-қызыл дау болып жатқан тақырып. Оқиға желісі былай: Түркияда туған, бірақ Германиядан оқыған бір түрік журналист Түркияның бір қаласына келеді. Сол күні қаланы қалын қар басып қалып, сырт дүниемен байланыс үзіледі. Әлгі журналист ауқаттануға асханаға кіреді. Қарама-қарсы бұрышта тағы біреу отырады. Бір кезде сырттан біреу келіп, ананы тәмам жұрттың көзінен атады да салады. Сөйтсе, әлгі бұрышта отырған мектеп директоры екен. Ол қыздардың мектепке орнамал тағып келуіне қарсы болған. Ал оны атып өлтірген — әсіредіңшілдердің өкілі. Роман осылай басталады да, ары қарай қым-қуыт оқиғаларға ұласып кетеді. Осындай дискуссиялық тақырыпты жазсақ, ол кітап оқылуға тиіс. Бұл жағынан оқырман талабы орынды деп білемін. Бірақ бәрі бірдей солай емес. Мұхтар Мағауиннің «Жармағын» кім бүгінгі күннің тақырыбы емес деп айтады? Жас жазушылар бүгінгі күннің тақырыбына көп жаза бастады. Соны да ескеру керек шығар. Бұл жердегі айтайын дегенім — жазушы бүгінгі күннің тақырыбына үн қосамын десе, қиыннан қиыстырып, ретін табады. Ондай тақырып бізде көп. Менің «Көкжалдар» деген романым бар. Әлеуметтік желіде біраз оқырман жақсы пікір білдірді. Оқиға үлкен қаладағы бір ауданда кішкене балаларға тегін анаша таратудан өрбиді. Наркотик (есірткі) таратушылар сөйтіп жас балаларды ауыздандырып, ауқаттылардың балаларын тәуелді етіп қояды. Сондай жолға түскен баласынан құтыла алмаған, қоғамда орны бар әке баласын қыстын көзі қырауда елсіз тауға апарып тастайды. Сонда түрлі оқиға өтеді. Қазір мұндай шығармалар жазылмай жатқан жоқ. Қаны тамып тұрған әлеуметтік мәселелерді, ұлт мүддесін қозғайтын шығармалар баршылық.

Жас qazaq: Кітап демекші, 25-35 жасында жазған бір кітабын қайта-қайта басатын, басын

Алайда әдебиет тарихында классик жазушы болып қалды. Сондықтан мұндайға біржақты қарауға болмайды. Мұхтар Мағауинді білесіздер, сексенге толып жатыр. Қолынан қаламы түскен жоқ. Тіпті «екінші тынысы» ашылғандай. Жетпістен кейін «Жармақты», «Шыңғыс ханды» жазды. Дулат Исабеков баяғыдай әңгіме-роман жазбағанымен, оның жазған пьесалары жыл сайын театр сахналарында қойылып жүр. Бірнеше шығармасы экранға да шықты. Бексұлтан Нұржекеұлы жетпіс жеті жасында Қарқара көтерілісі туралы «Әй, дүние-ай» атты роман жазып, мемлекеттік сыйлық алды. Ал бүгінгі күн дегенде, Қуандық Шамақай осы күнгі тақырыптарды жақсы жазып жүр. Жазу деген қасіреті көп қасиетті өнерді серік еткендерге өз басым құрметпен қараймын!..

Жас qazaq: «Мағауин мифі» деген мақаланызға жұрт қатты назар аударды.

Ж.Қорғасбек: Осы «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Торанғы және Тұрсынжан» деген мақаламды да оқырман жақсы қабылдаған. Үш-төрт сайт, бірнеше газет-журнал көшіріп басты. Мен мұндай мақалаларды эмоциямен жазам. Қалай бастаймын, солай аяқтаймын. Көп уақыт кетпейді, бірақ жанымды сығып алғандай болады.

Жас qazaq: Жуырда ғана Орбұлақ туралы жаздыңыз. Екі классик ағамызға ара түстіңіз. Екеуін екі таудың басына шығарып қойдыңыз. Осы ағалар арасындағы алауыздық: рушылдық, жершілдік дерт қашанғы жалғасады? Бұл аурудың тоқтар күні бола ма?

Ж.Қорғасбек: Мен ағаларымды бірлікке шақырдым. Орбұлаққа келетін болсақ, бұл шекара бойындағы бір елдің ғана тағдыр-талайынан хабар беретін тарих емес. Бұл барша қазаққа ортақ шежіре. Бексұлтан ағамыз ол жайында жазбай тұрып та, «Түп-түкияннан өзіме шейін» деген кітап шықпай жатып та, біздің жақта Орбұлақ деген жер атауы болды. Ел арасында үлкен қырғынның болғаны айтылып жүрді. Одан басқа Қашама деп аталатын жер барын да естіп жүрдік. Жоңғарлар басқа жол таппай, жартасты қашап жол салған десетін. Осының бәрін бала күнімізден құлағымызға сіңіріп өстік. Оқушы кезімде «Жоңғар тауы» деген өлең жазғаным да бар. Ол аудандық газетке шыққан. Түп атауы Жоңғар тауы емес, Арқас тауы. Орбұлақ оқиғасы сол жерде болған. Біздің жақта Орбұлақ десе, бәрі тік тұрып кетеді. Орбұлақ Жаркент өңіріндегі ел-жұрттың ауызынан түскен емес. Қазірдің өзінде ел мен жерге, жас ұрпаққа рух беріп отыр. Ас-жиын, той-томалақтың сөз басы Орбұлақпен

басталады. Сондықтан оны жоққа шығару әділетсіздік деп есептеймін.

Орбұлақты жоққа шығару кімге тиімді? Оны «Қазақ әдебиеті» газетінде «Көзбен көрмегенді сөзбен суреттеу мүмкін емес» деп ашық жаздым. Ойдан құрастырылған оқиға, миф дейтіндерге де айтарымды бүкпесіз жеткіздім. Панфилов ауданындағы дүйім бір халықтың бойтұмарындай болған, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ел ауызында сақталып келе жатқан тарих қалай жалған болады?

Жас qazaq: Сіздерден кейінгі 25-40 жас аралығындағы жас буынның шығармашылығына аға буын ретінде пікір

білдіріп тұрасыз ба? Сұрайын дегенім, Мұхтар мен Өміштер отыздың ар жақ-бер жағында-ақ тарихқа алтын әріппен жазылған шығармаларының біразын жазып тастаған. Қазір ондай жазушы жоқ сияқты. Неге?

Ж.Қорғасбек: Шама-шарқымызша кейінгі қыз-жігіттерге бағыт-бағдар көрсетіп, білгенімізді айтып отырамыз. Қанат Әбілқайыр деген жас жазушы бар. «Жылан кегі» деген хикаятын оқып, қалыптасқан жазушылардың қатарына қосылғанын байқадым. Шекараның екі жағында бөлініп қалған елдің тағдырын мистикалық сюжетпен өте жақсы жазып алып шыққан. Бір жағы кешегі күннің тақырыбы. Бірақ оқысаң, бүгінгі күні шекара маңындағы елдің басында болып жатқан

оқиғаға куә болғандай боласың. Кезінде Дилаған — Дилахмет Әшімханұлы қалам ұстаған жастардың шығармашылығына пікір білдіріп, үн қосып отырушы еді. Қанаттың шығармашылық қуатын танып, жақсы жазушы болады дейтін. Одан кейін Дархан Бейсенбекұлы деген жігіт бар. Ол да жақсы жазып жүр. «Жер сағыз» деген алғашқы әңгімесінен бері жақсы танымын. «Қылбұрау» деген роман жазды. Бүгінгі күннің күйіп-жанып тұрған тақырыбы. Тілі жатық, ойы қанық. Бұл қатарға Ырысбек Дәбей, Бейбіт Сарыбай, Қанат Тілеухан, Есболат Айдабосын, Максат Мәлік, Досхан Жылқыбай сияқты өкшөмізді басып келе жатқан бауырларымызды да қосамын. Ал сенің сұрағына қатысты айтарым, тұлғалар қайталанбайды емес, дәуір қайталанбайды.

Жас qazaq: Бүгінгі қазақ әдебиеті қай кезеңде: тоқырау тұсында ма, әлде қалыптасу, шыңдалу сатысында ма?

Ж.Қорғасбек: 1960-70-жылдардағы әдебиетіміздің алтын дәуірі жоқ. Біздің буынның басы Таласбек Әсемқұлов еді. Ол да жоқ. Бірақ Асқар Алтай, Нұрғали Ораз, Роза Мұқанова сияқты кешегі нарық кезінде нардың жүгін көтерген екпінді буын бар. Олардың да таланы, таланты, намысы, қарымы ешкімнен кем емес. Жасыратын несі бар, жазушылықты нәпақа үшін пайдаланып жүргендер де бар. Тапсырыспен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі блогерлердің алдында бүкшен қағады. Қастерлі кәсіптің қадірі неге қашты?

Ж.Қорғасбек: Бұл өзі уақытша дүние. Блогерлердің дәурені өтеді. Журналистер қалады. Тек оларға сенсация жазуға мұрсат беру керек. Ондай да заман келеді. Сонда журналистердің нанын ешкім тартып жей алмайды. Дәл қазір блогерлер оқиғаны уақытында, керекті ақпаратты берумен журналистерге бәсекелес болып отыр. Бірақ олар журналист сияқты терең жазса алмайды. Журналистпен кітап жазатындарды жалдамалы жазушы дейміз. Ондайлар да бар. Оларды да түсінуге болады. Нарықтың талабы қатал. Бірақ әдебиет ондайлардан қашан да биік тұрған.

Жас qazaq: Сақа жорналшысыз. Бұрын журналист беделді еді. Қазір төр блогерлердікі. Әкім-қара, шенеуніктер әлгі



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИМАQ

www.jasqazaq.kz

Даму

Көлік инфрақұрылымын қалыптастыру – өліміздің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етудің негізгі факторы. Сондықтан автомобиль жолдарының

жағдайын жақсарту мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, бәрі де сәтті іске асып келеді. Бұл тұрғыда Ақмола облысы бойынша да тиянақты жұмыс жүргізілді.



Астықты өңір болып саналатын қаймақта жол қатынасы өте маңызды. Ертеректе аудан ішіндегі жолдардың нашарлығына ауыл шаруашылығы құрылымдары тарапынан өкпе-наз көп айтылатын. Мың шұңқырлы жол техниканы да тоздырып, тұрғындардың да жүйкесін жұқартып келгені рас. Ел елендеткен бұл мәселе соңғы жылдары біршама жаксарды. Айталық, жергілікті маңызы бар көлік жолының ұзындығы 5626 шақырым.

Оның ішінде 2661 шақырым облыстық, 2 965 шақырым аудандық маңызы бар жол. Сол жолды жай жөндеу мен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу өте қымбатқа түседі. Соған қарамастан, бұл мәселеге мейлінше маңыз беріліп отыр. Әсіресе, аудандық маңызы бар жол атаулы әбден тозып кеткен еді. Сол себепті болар, халық жыл сайын жергілікті әкімдермен кездескенде көтеретін өзекті мәселенің бірі де осы болатын. Ал облысаралық жол біршама тәуір. 2019 жылы облыстық, аудандық маңызы бар көлік жолдарын және елді мекендердің көше, жол желілерін жөндеуге 21,6 миллиард теңге бөлінді.

Облыстық, аудандық маңызы бар жолдарды және елді мекендердің көше, жол желілерін салуға және қайта жанартуға, оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» және қала шеті жобаларының шеңберінде 7,1 миллиард теңге бөлінді. Осылайша 90,9 шақырым жолға қайта жанарту жүргізілді.

Жыл қорытындысы бойынша Целиноград ауданының Ақмола ауылында көше-жол желісінің құрылысы аяқталды, Зеренді ауылындағы көлік жолы мен Зеренді ауданының Елікті тау-шаңғы базасына кіреберіс жол, Атбасар қаласындағы жолдар да қайта жанартылды. Бұған елдің айтар алғысы мол. Астана маңайындағы елді мекендердің жолын жөндеп, өңін кіргізу де маңызды. Сондықтан, Нұр-Сұлтан қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары шеңберінде 2020 жылға дейін іс-шараларына 5,1 миллиард теңге, Целиноград ауданының Талапкер, Нүресіл, Қосшы, Ақмол және Жібек, Аршалы ауданының Жібек жолы ауылында – 4,0 миллиард теңге көше-жол желісін салуға, Целиноград ауданының Қажымұқан, Қосшы, Қараөткел және Шортанды ауданының Ключи ауылындағы жолға 1,1 миллиард теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Еліміз бойынша өмір сүру сапасын жақсартуға және өңірлік дамудағы «алшақтықты» азайтуға бағытталған өңірлік саясатты іске асыру мақсатында ірі қалалардың шетін дамытуға Целиноград ауданының Қосшы және Аршалы ауданының Жібек жолы ауылдарында көше-жол желісін салуға республикалық бюджеттен 3,3 миллиард теңге қарастырылды.

Аймақтағы монокалалардың жол жағдайын жақсартуға да барынша жіті көңіл бөлініп отыр. Айталық, Степногорск қаласында Целиноград көшесіне шығатын Сарыарқа көшесінің жолын қайта жанарту жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен 56,4 миллион теңге бөлінді. Осы қаражатқа өткен жылдың соңына дейін сапалы жол салынып, көшелер көркейіп қалды. Мұның өзі елге, оның тұрмыс-тіршілігіне деген шынайы қамқорлық екені даусыз.

Ел ішінде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға айрықша әсер ететін жағдайлар да бар. Оның бірі – Қазақстан мен Ресейдің үстіміздегі жылы өтетін өңіраралық форумына дайындық. Қазір Көкшетау айтулы шараға дайындықты ширата түсті. Форумға дайындық шеңберінде, Үкімет резервінен Көкшетау қаласының көше-жол желісін дамытуға 1,2 миллиард теңге сомасында қаражат бөлінген. Сөйтіп, облыс орталығындағы Көпә көлі жағасындағы жол, Н.Назарбаев-Жүнісов көшелерінің, Н.Назарбаев-Абай көшелерінің киылысындағы жол қайта жанартылды. Абай көшесіндегі жол орташа деңгейде жөнделіп,



Васильковқа шағынауданы мен Сүлейменов көшесінен Н.Назарбаев даңғылына дейін жаңғыртылды.

Барлығы 368,8 шақырым көлік жолын жөндеу жұмысы жүргізілді. Таратып айтатын болсақ, Целиноград ауданына қарасты Қызылсуат, Қажымұқан, Қосшы, Талапкер, Қараөткел ауылдарының кіреберіс жолы күрделі жөнделіп, Ақмол ауылындағы жолды жөндеуден өтті. Оған қоса, Шортанды ауданына қарасты Ключи ауылына кіреберістегі жолдарға қыруар қаражат бөлініп, күрделі жөндеуден өткізілді. Мұндай мысал аз емес.

Зеренді ауданындағы «Қонысбай-Сейфуллин-Қызылсая» көлік жолының 30 шақырымындағы орташа жөндеу жұмыстары, «Жаксы-Державинск» жолының 140 шақырымындағы орташа жөндеу жұмысы аяқталды. «Есіл-Свободное» жолдың 34 шақырымындағы орташа жөндеу жұмыстары жүзеге асырылды. Сондай-ақ Степногорск қаласының «Степногорск-Промышленная зона» автомобиль жолының 5,8-16,5 шақырымы орташа жөнделіп бітті.

Соңғы жылдары облыстағы жол жағдайы біршама жақсарып қалды. Алдағы уақытта да бұл мәселе құзырлы орындардың ұдайы назарында болмақ. Есесіне, тіршіліктің күретамыры түзетілген сайын ел еңсесі де биіктей бермек.

Байкен КӨБЕЕВ, Ақмола облысы

Бағдар

Алматы облысы аграрлы аймақ

саналғанымен, инженерлік, индустриялды-инновациялық әлеуеті өсіп, әлеуметтік жағынан өркендеп келеді. Қазір облыс орталығынан бастап, өңірдің шалғай елді мекендерінде де тың бастамалар қолға алынуда. Ал жаңа нысандар мен кәсіпорындар ел игілігіне қызмет ете бастады.



Бұған республикалық бюджеттен 4,7 млрд теңге қаржы бөлінген. Қуаттылығы 2х125МВА болатын трансформаторлармен жабдықталған қосалқы стансаның бір жүйелі желілері 101,4 шақырымды, ал екі жүйелі желілері 4,25 шақырымды құрайды. Осы арқылы аграрлы аймақтан индустриалды-инновациялық өңірге айналып келе жатқан аудандар қажетті электр қуатымен толық әрі үзіліссіз қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Мұнда қуатты кәрінеумен жұмыс істейтін күрделі құрылғылар орнатылған. Сонымен бірге тұтынушыларға көрсетілетін қызмет түрін жеңілдету

қатарына қосылады. Демек, бүгінгі таңда өңірді электр энергиясымен қамту мәселесі түбегейлі шешіліп келеді. Бұл игілікті жұмыс өңірдегі құрылыстану, заманауи ғимараттарды қолға алу, тағы да басқа жоспарларға қозғау салды. Сол қатарда Талдықорғандағы «Қаратал» шағынауданында жөнделіп жатқан студенттер жатақханасын айтуға болады. Құрылысы 9 жылдың алдында тоқтап қалған нысанға былтырдан бері жаңғырту жүргізіліп, ол қазір адам танымастай өзгерген. Қазір нысанда ішкі әрлеу жұмысы басталды. Нысанға жылу, су, электр желісі тартылып, қолайлы жағдай жасалған. Мұндағы құрылысты «Астана құрылыс» АҚ жүргізуде. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, қазір жатақханаға 50 адам монтаж жұмысын жүргізуде. Десе де, ауа райының қолайсыздығы жұмысқа қолбайлау болып тұрған көрінеді. Күн жылынысымен жұмыс күшін көбейтіп, құрылысшылардың санын арттырмақ.

Заман талабына сай салынып жатқан жатақханада жатын бөлмеден бөлек кітапхана, жаттығу залы, асхана және шағын кинотеатр болады. Жатақханадағы құрылыс жұмысы үстіміздегі жылдың наурыз айында аяқталмақ. Сондай-ақ ғимараттың айналасындағы атшаптырым аумақты алып жатқан бос жер абаттандырылып, студенттердің көңілді демалыс ұйымдастыратын орны болмақ. Ғимараттың іргесіндегі аквапарктің айналасы да жөнделеді. Демек, биылғы жаңа оқу маусымы басталғанда жатақхананың жетіспеушілігінен пәтер жалдап тұратын болашақ мамандардың қиыншылығы осы нысанның іске қосылуымен шешіледі.

Келесі нысан – «Жастар» саябағы маңынан салынып жатқан жабық жүзу

ӨҢІР ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ

Жағымды жаңалық жыл басынан-ақ жұрт назарын өзіне аударды. Бірінші болып Талғар қаласының Автобаза шағынауданында №1 блокты-модульді қазандық іске қосылды. Өткен жылы қала бойынша блокты-модульді 15 қазандық орнатылып, «Orkeniet Constraction» мердігер компаниясы 3319 пәтерлі 106 үйге жылыту жүйесін жүргізген еді. Оның толық мән-жайын аудан әкімі Жолан Омаров айтып берді: «Жоспардағы жылу жүйелері толық қосылып бітті. Былтыр шағынаудандарды абаттандыруға 279 миллион теңге қаржы бөлінді. Биыл 19 үй орталықтандырылған жылу жүйесіне

мақсатында оларды сандық жүйеге ауыстырудың толық жүзеге асканы аңғарылады. Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалар үшін техникалық сараптаулар, электр желілерін қосуға қажетті құжаттарды қабылдау, тұтынған электр қуатының мөлшерін анықтау онлайн-режимде жүзеге асырылады.

Ел игілігіне берілген ілкімді жобаның тұсауын «Самұрық-Қазына» АҚ

бассейні. Bazis құрылыс компаниясының өкілдері мұнда бетон және темір құрастыру жұмыстарының аяқталғанын, алдағы уақытта сыртын қаптап, ішкі



басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы кесті. Осы орайда Ахметжан Смағұлұлы: «Қаскелен – 220» жобасы Алматы

қосылады. Оның құжаттамасына 17 миллион теңге бөлінді» – деді.

Жалпы, аудан бойынша 64 ауланы абаттандыру жоспарланып, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Оған 250 миллион теңге бөлінген. Жыл аяғына дейін 6 аула абаттандырылады. Ол жерде балалардың шағын ойын алаңы, тынығу орны, спорттық алаң жасалады.

Бұл жұмыстар төңірегінде пікір білдірген аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Қалимолда Байболов: «Көп жыл бойы жылусыз, жарықсыз қалған көпқабатты тұрғын үйлердің орталықтандырылған газ құбырына қосылуы талғарлықтарды қатты қуантты. Облыс әкімі 2018 жылы барлық үй қосылады деп уәде еткен еді. Айтқаны келді. Сол үшін алғысымызды білдіреміз», – деді.

Тағы бір қуанышты оқиға өткен айдың ортасында Қарасай ауданында да болды. Қаскелен қаласы мен өңірдегі елді мекендердің тұтынушыларын және Қарасай мен Іле аудандарының өнеркәсіп-индустриялық аймақтарын электр қуатымен жүйелі түрде жабдықтау мақсатында салынған «Қаскелен – 220» қосалқы стансасы іске қосылды. Техникалық тілмен айтқанда, ПС–220/110/10КВ қосалқы стансасының бой көтеруі – өңірдің өркендеуімен тікелей байланысты.

Тұрғындар санының өсуі, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарында өнеркәсіп нысандарының көбеюі, Алматыдағы өндіріс орындарының облыс аумағына көшірілуі электр қуатына деген сұранысты арттырғаны белгілі. Осы орайда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрамындағы «Самұрық Энерго» АҚ-на қарасты «Алатау Жарық компаниясы» мен Алматы облысы әкімдігі бірлесе отырып, аталған ірі жобаны жүзеге асырды.

қаласының батысындағы өндірістік аймақтың, Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарының 6184 жеке тұлғасы мен 404 заңды тұлғаның сұранысын толықтай өтейтін болады. Жалпы, Алматы облысының ел экономикасындағы алар орны ерекше. Аймақтың алдағы уақытта да өркендеуі үшін энергетика саласын дамытуға жылына 10 млрд теңге инвестиция салу керек. Бұған біз үлес қосатын боламыз», – деді.

Облыс басшысы Амандық Ғаббасұлы: «Екі миллионнан аса тұрғыны бар облыста 20 аудан мен қала бар дейтін болсақ, соның ішінде Қарасай, Талғар, Іле аудандарында өндірістің 70 пайызы орналасқан. Демек, бұл өңірде электр қуатына сұраныс өте жоғары. Әсіресе, Боралдай өндірістік аймағына жаңа инвестиция тарту үшін қосымша қуаттың қажеттілігі туындауда. Осыған байланысты «Алатау Жарық компаниясымен» алдағы уақытта Көкөзек бағытына жаңа желілер тарту жөнінде келісім жасалады. Бұл жоба жүзеге асса, аймақта индустрияландыру қарқыны арта түспек», – деді.

Аймақты электр қуатымен қамтамасыз етуде Қапшағай ГЭС-і, Райымбек ауданындағы Бестөбе су қоймасының мүмкіндіктері, Қапшағай қаласындағы сингапурлық компаниямен бірігіп жасалған 100МГВ-тық күн электр стансасы, Еңбекшіқазақ пен Іле ауданындағы әрқайсысы 50 МГВ электр қуатын өндіретін күн қондырғыларының орны ерекше.

Алдағы уақытта атқарылар ауқымды шараның бірі – Талдықорған қаласында үйлерге жылу берумен қатар 400 МГВ электр қуатын өндіруге қабілетті жылу электр стансасын салу. Осылайша, облыс электр қуатын тұтынушы қатарынан өндіруші және өзге өңірлерге таратушы

әрлеу жұмысына кірісетінін жеткізді. Нысанды мердігер компания осы жылдың ортасына қарай бітіреміз деген сенімде.

Бізбен ой бөліскен әкімдік жанындағы құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Әмешұлы: «Қалада салынып жатқан жүзу бассейні – еліміздегі ең үлкен нысан. Жобаның жалпы құны 11 млрд теңгеге жуық. Бұл өте ауқымды жоба болғандықтан, облыстық құрылыс басқармасы тарапынан жиі тексеріп, қадағалап отырмыз. Бұл нысан қолданысқа берілген соң, Талдықорған қаласы тұрғындарының су спортына деген құлшынысын оянады. Қазір мұнда 200-ден аса адам, 40-қа жуық техника жұмыс жүргізуде. Жұмысшылардың дені – Талдықорған тұрғындары», – деді.

Облыстың әр шалғайындағы осындай игілікті жұмыстардың дені мемлекеттік бағдарламаларды орындау негізінде іске асырылуда. Өйткені, бағдарламаның орындалуы ең алдымен,



Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру кезінде қолданыстағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, облыстар мен аудандардың аумақтарын дамыту бағдарламаларын қаржыландыру тетіктері пайдаланылатын болады. Бұл ретте ауылдық аумақтарды дамыту бойынша барлық бюджеттік инвестициялық жобалар өңірлік даму саласындағы орталық уәкілетті органмен және басқа мүдделі орталық мемлекеттік органдармен кешенді дамыту жоспарлары мен іс-шаралар жоспарларына сәйкестігі тұрғысынан келісілуі тиіс.

(2020 жылға дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасынан)

өңірдің экономикалық әлеуетін көтерсе, әлеуметтің әлеуетін арттыруға да оң ықпал етпек.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, топ жарғаны – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл Фараби (870-950). Оның толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ Әл Фараби. Әл Фарабидің өз аты Әбу Насыр Мұхаммед, әкесінің ныспысы да Мұхаммед, бабасының есімі Тархан, арғы атасы – Узлағ.

ҒҰЛАМА ҚАЙДА ОҚЫДЫ?

Әл Фараби алғашқы білімді Отырар медреселерінің бірінде алған. Өйткені, көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мауараннаһрда балаларды түрлі колөнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған. Ол кезде мұсылман дүниесінің ғылыми мәдени орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды ата-анасы Тауу және Орта Шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ Әбу Насыр Бағдалқа бармас бұрын

Әл Фараби өмірінің соңғы жылдарын Шамның Халаб қаласында өткізді. Осы жердің әміршісі Сайф ад Даулань (915—967) сарайында күн кешкен. Бірақ ұзақ тұрмаған.

Ибн Халликан шежіресінде Әбу Насырдың Халабка алғаш келген кездегі Сайф ад Дауламен танысуы жайлы қызықты деректер келтірілген. Мысырдан қайтып оралған бетінде Әл Фараби Сайф ад Даула өзінің нөкерлерімен мәжіліс құрып отырған үстіне кіріп келгенде, Сайф ад Даула оған «Отыр!» деп әмір етеді. Әл Фараби: «Қай жерге отырайын, сіз отырған жерге ме, жоқ, әлде өзім тұрған жерге ме?» — дейді. Сонда Сайф ад Даула: «Өзіне қай жер лайық деп тапсаң, сол жерге отыр», — дейді. Әл Фараби Сайф ад Дауланьн қасына келіп, оны ығыстырыңқырап қасына жайғасады. Әміршінің өзі және бірнеше нөкері ғана білетін құпия сарай тілімен оларға: «Мен мына кісіге қазір бірер сұрақ қоямын, егер ол лайықты жауап бере алмаса, жазаландар», — дейді. Сонда Әл Фараби іле-шала Сайф ад Дауланьн өзі жаңа ғана сөйлеген құпия тілмен: «О, әміршім, сәл сабыр ет. Әр істің артын баққан жөн болар!» — деген кезде, ол қайран қалып: «Апырай, сіз бұл тілді қайдан білесіз?» — дейді. Сонда Әл Фараби: «Иә, мен жетпіске жуық тіл білемін», — деген

жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған. Әйтсе де, Әбудің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежірелері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Нишапур, Рей, Исфаһан, Хамадан қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдалқа аттанады.

Әбу Насырдың Бағдалқа баруының өзіндік себептері бар-тын. Ал Әл Фараби өмір сүрген кезде ұзаққа созылған соғыстан кейін Орталық Азия арабтардың қол астына бағынып, халифат құрамына енгізілген болатын. Араб халифатының үлкен мәдени орталығы Бағдал еді. Басып алынған жерлердің қазынасы да осында әкелінген. Тигр мен Евфрат алқабындағы Бағдал, әсіресе, Басра мен Харран жанадан пайда болған араб тілді мәдениеттің, жаратылыстану және қоғамдық-фәлсафалық ғылымның орталығы болғандықтан, ғылыммен әуестенгендер халифаттың түкпір-түкпірінен осында ағылып жатқан. Білімін молықтыру үшін Әл Фараби де Бағдалқа аттанған.

Ол логика, әуез (музыка), астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбек жазған. Ибн Халликан өз еңбегінің бір жерінде жерлесіміз жайлы: «Ол — аса ірі мұсылман фәлсафашыларының бірі. Олардың ешқайсысы да оның деңгейіне жеткен жоқ. Әбу Әли ибн Сина да (980—1037) өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын, сол арқылы мәшһүрлікке қолы жеткенін еске алады», — деген.

Әл Фараби жиһанкездікті ұнатқан. Арала біраз жылдар салып, Бағдалтан Шамға келеді, бірақ мұнда ұзақ аялдамастан, Мысырға сапар шегеді. Мысырға келуі онда 935—946 жылдар арасында патшалық құрған Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшидтің кезімен тұспа-тұс болады. Мұхаммед ибн Тұғұж әл Ихшид Әл Фараби сияқты түркілердің әскери отбасынан шыққан. 935 жылы ол Мысыр басқағы (әміршісі) боп тағайындалған. Халифа ар Радидан (934—940 жылы патшалық құрған) ихшид атағын алады. Араб шежірелерінде бұл атақтың мәні айқындалмаған, бірақ Мұхаммед ибн Тұғұждың ата-бабасы мекендеген Орталық Азияда ол құрметті лауазым болған.

Мысырда патшалық құрған кезде ол Әл Фарабидің жерлесі ретінде қонаққа шақырса керек. Бірақ бабамыздың Мысырда қанша уақыт болғаны жайлы араб деректері ештеңе айтпайды. Ол өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халликаннның айтуына қарағанда, Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын» қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан. Осындай ыждаһаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын игерген.

Атақты тарихшы оның қарапайым, аса қанағатшыл, жұпыны ғана киініп, той-думан, ырду-дырдудан бойын барынша аулақ ұстағандығын жазған. Күндіз ол көбінесе қаладағы бакта күзетшілік қызмет атқарып, тапқан ақысына сатып алған шырақ жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылданған.

Әл Фарабидің фәлсафалық еңбектерінін басым көпшілігі грек ғылымдарының, әсіресе Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты шығармаларына түсіндірмелер жазуға арналған. Сондай-ақ өзі де «Кеменгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б. көптеген трактат туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой-пікір айтқан. Орта ғасырлардың өзінде-ақ Әбу Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнінде батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылы, білімі, адамгершілігімен байланыстырған.

Әбу Насыр Әл Фараби ғылымының фәлсафа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеу жүргізген, математика саласында үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия жайлы кесек-кесек еңбек қалдырған, физика ғылымын да тың ойлармен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған.

екен. Бұдан кейін Әл Фараби Сайф ад Дауламен оның сарайындағы әнші, ақын, ғалымдармен өнер жөнінде сұхбаттасалды.

Әбу Насыр Әл Фараби 950 жылы қайтыс болған. «Фараби қазасы туралы екі дерек бар, — дейді М. Хайруллаев, — біріншісінде ғалымдар оны Шамда қайтыс болған десе, екіншісінде Әбу Насыр қасына бірнеше адам ертіп, Аскалан қаласына бара жатқанда, жол торыған қарақшылардың қолынан қаза тапқан. Сайф ад Даула қарақшыларды тауып, дарға асқан».

ЗЕРТТЕУ КЕЗЕК КҮТЕДІ

Әбу Насырдың «Өлең туралы трактат» жазғаны белгілі. Көрнекті неміс шығыстанушысы Морис Штейншнейдер де (1816—1907) бұл жайлы өз еңбегінде атап көрсеткен. Ағылшын арабисі Д.С.Марголиус те (1858—1940) «Екінші ұстаздың аталмыш трактатты жазғанын айта келіп, оның жоғалып кеткеніне қатты қынжылған. 1970 жылы Мәскеудегі Ленин атындағы кітапхананың Азия және Африка бөлімінде Италияның «Ориэнто модерно» (қазіргі Шығыс) атты журналын қарап отырып, одан арабист Артур Дж Арберридің (1905-1969) 1936 жылы Үндістанға барған сапарында осы елдің ұлттық кітапханасынан Әл Фарабидің «Өлең туралы трактатының» табылғанын хабарлағанын оқыған едім. Ол кісі трактат көшірмесінің XVII ғасырға жататынын, сөйтіп, оның әлі күнге дейін Үнді ұлттық кітапханасында сақтаулы екендігін айтқан.

Әл Фараби шығармаларының басым көпшілігі әлі де араб тілінен аударылмай, зерттелмей жатыр. Астрономия, логика, әуез жайлы еңбектері де күні бүгінге дейін терең зерттеле қойған жоқ. Ал кездейсоқ қолға алған зерттеушілер болса, оларды тек шет пушпақтан ғана қарап жүр. Әбу Насырдың көптеген туындылары дүниежүзі кітапханаларында сақтаулы, бізге беймағлұм күйде. Демек, оларды іздестіру, жарыққа шығару, сөйтіп халықтың игілігіне айналдыру — зор міндет.

Дүние жүзінің көптеген ғалымдары Әбу Насырдың өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда-ақ зерттей бастаған. Міне, ол бүгінге дейін жалғастырылып келеді. Осы ретте араб және парсы тілдерінде жазған Ан Надим (Х ғ.), әл Байһақи (Х ғ.), Джамал ад дин әл Кифти (XIII ғ.), Хаджи Халифа (1657 ж. к. б.) және тағы басқалардың еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап Әл Фарабидің өмірі мен шығармашылығы көптеген Еуропа ғалымдарының назарын ерекше аудара бастады. Оның ілімімен жақсы таныс болған, одан көп үйренген Маймонид, Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи, Спиноза тағы басқа көптеген Батыс Еуропа ғалымдары Отырар перзентінің өмірі мен еңбектерін арнайы зерттеген. Мәселен, өткен ғасырда неміс ғалымдары И.Г.Л.Козегартен мен Г.Зутер Әл Фараби жөнінде арнайы еңбектер жазған. Немістің екінші бір көрнекті ғалымы Фридрих Дитерих 1888—1904 жылдардың өзінде-ақ «Әл Фарабидің философиялық трактаттары» деп аталатын жинақты жарыққа шығарған. Оған ғұламаның бірсыпыра философиялық шығармаларының арабша мәтіні мен олардың неміс тіліне аударылған нұсқалары енген.

Неміс ғалымы Карл Брокельман, америка ғалымы Дж Сартон, түрік ғалымдары А.Сайылы мен Х.Үлкен фарабитану ғылымымен шұғылданған. 1950 жылы Түркия жұртшылығы Әбу Насыр Әл Фарабидің қайтыс болғанына 1000 толуын үлкен салтанатпен атап өтті. Түрік ғалымдары Әл Фараби мұрасының едәуір бөлігінің арабша мәтіндерін түрікше, ағылшынша аудармасымен қоса жариялаған.

Солдай бола тұрса да, Батыс еуропалық немесе америкалық ғалым, Музафар Хайруллаев (1930-2004) атап көрсеткендей, — жазба жәдігерліктердің азығынан кейбір өмірбаяндық деректерді жүйелегені болмаса, Фарабидің ғылыми өмір жолын түзе алмады. Соңғы жылдары жиған-тергенін Египетте (Мысырда), Сирияда, Иранда жариялаған жекелеген авторлар ғалымның ғылыми өмірбаянын жазуға қаншама тырысқанымен ерте кездегі мұсылман шежірелерінде айтылған белгілі жайттармен шектелді.

Әбу Насыр Әл Фараби сияқты ірі тұлғаның өмірі жайында жанадан табылған жазба деректер

де жоқтың қасы. Мұны осы күнгі араб, парсы, түрік ғалымдары Әбу Насырдың ешкіммен араласпай, өмір бақи жападан-жалғыз өмір сүргенімен байланыстырады. Сондықтан да біз үшін ұлы ғұламаның тұстасы болмағанымен, одан екі-үш ғасыр кейін ғұмыр кешкен Захир ад дин Әбу-л Хасан әл Байһақи, Шамс ад дин Әбу-л Аббас Ахмед Ибн Халликан, Ибн Әби Усайбиға секілді бас-аяғы үш-төрт шежірешілердің ұлы ғұлама жөнінде жазып қалдырғандары таптырмас қазына.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Әл Фараби мұрасын жан-жақты зерттеу бізде де қолға алынды. Мәселен, Мәскеу мен Алматының һәм Ташкенттің ғалымдары Әл Фараби еңбектерін орыс, қазақ, өзбек тілдеріне аудару жұмыстарын қолға алды. Фәлсафалық, математикалық, саяси-әлеуметтік, логикалық және поэзиялық еңбектері орыс, қазақ, өзбек тілдерінде жарық көрді.

Өткен ғасырдың 60-жылдардың соңынан бастап елімізде Әбу Насыр Әл Фараби мұрасын жинау, аудару мен бастыру, зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіле бастады. Ә.Марғұлан, А.Машанов, О.Жәутіков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, К.Жарықбаев және тағы басқалардың бастамасымен 1968 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану тобы құрылды. Оны кезінде А.Х.Қасымжанов, Ә.Нысанбаев, М.Бурабаев басқарды. Олардың жетекшілігімен

Әбу Насырдың ғылыми мұрасын табу, тәржімалау, жарыққа шығару, зерттеу секілді біраз игілікті істер атқарылды. Докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ғылыми конференциялар өткізілді.

1991 жылы Кеңес Одағы күйреді. Еліміз Тауелсіздік алды. Республикамыздың

мен еңбектері туралы әңгімелейді, қызықты деректер келтіреді. Әл Байһақи кітабында Әл Фараби жайлы да тарау бар. Онда Әбу Насыр өмірінің түрлі кезеңдерін суреттеумен бірге ғалымның шығармашылығына да тоқтатылады. Әл Байһақидің шығыс тарихшылары ішінде Әл Фарабиден екі ғасыр ғана кейін ғұмыр кешкендіктен де, оның жазбаларын зерттеушілер құнды шығармалар қатарына жатқызады. Бірақ, өкінішке қарай, әл Байһақидің аталған шығармасы әлі күнге дейін қолымызға түспей келеді.

XIII ғасырдың ортасында өмір сүрген келесі бір араб тарихшысы Джамал ад дин әл Кифти (1167—1248) Әл Фараби өміріне байланысты тың деректер келтіре отырып, Әбу Насырдың ғылыми еңбектеріне ерекше баға беріп, ғылымға қосқан үлесін айқындаған. Ұлы ойшылдың тұстастары мен шәкірттері жайлы бұрын ұшыраспаған тарихи әңгімелерді келтіреді. Сондай-ақ Әл Фарабидің 72 трактатын атайды.

Тарихшы Ибн Халликан «Уафайат әл-ағйан уа анба абна аз-заман» — («Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағлұмат») атты еңбегінде исламға дейін және кейін өмір сүрген әдебиетшілер, ақындар, тарихшылар, халифалар, әкімдердің өмірі жайлы қызықты деректер айтады. Ол Әл Фарабидің Фараб (Отырар) шаһарында туылғанын, түркі текті екенін айта келіп, жерлесіміздің өмірі жайлы құнды мағлұматтар береді. Бұл еңбек осынысымен де қызық, осынысымен де қымбат.

Бірақ Әл Фараби жайлы құллі араб тарихшыларының ішінен ғалым, мәшһүр дәрігер Ибн Әби Усайбиғаның (1203—1270) «Уйуну-л анба фи-т табақату-л атибба» — («Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнар көзі») атты дәрігерлер хакында баяндайтын библиографиялық еңбегі үлкен орын алады. Бұл жылнама бірнеше мәрте Каирде, Бейрутта жарық көрді.

Ибн Әби Усайбиға еңбегінің тағы бір құндылығы өз жылнамасында ол ұлы ұстаздың бір жүз бес трактатының атын атайды. Осы күнге дейін ғалымдар Шығыс Аристотелінің қанша еңбек жазғанын, олардың нақты аттарын дәл

басып айта алмайтынын ескерсек, Ибн Әби Усайбиға естелігінің жаңалығын да, құндылығын да осыдан-ақ біле беруге болар. Оның бұл еңбегі көпке дейін қолымызға түспей келді. Санкт-Петербург, Мәскеу, Алматы кітапханаларынан сарсыла іздеп таппағанбыз. Тек 1975—1976 оқу жылдары Марокко араб мемлекетінің астанасы Рабат шаһарындағы Мұхаммед V атындағы университетте оқып жүріп, кітапханадан көшірмесін алдық.

Отырар перзентінің өмірбаянына байланысты жоғарыда аталған араб тарихшыларының жазбаларын қазақ тіліне тәржімалауымыздың себебі кезінде, әсіресе, Батыс Еуропа елдерінде Әл Фараби туралы зерттеулердің көпшілігі осы Захир ад дин Әбу-л Хасан әл Байһақи, Джамал ад дин әл Кифти, Ибн Халликан, Ибн Әби Усайбиға жазбаларына көп сүйенген. Сондықтан олардың Әл Фарабидің өмірі мен шығармашылығын зерттеушілерге тигізер пайдасы зор. Сондықтан да Джамал ад дин әл Кифтидің «Фарабан шыққан фәлсафашы», Ибн Әби Усайбиғаның «Шамнан шыққан мәшһүр дәрігерлер», ибн Халликаннның «Философ Әл Фараби» атты естеліктерімен тарихи құжат ретінде оқушыларымызға ықшамдай таныстырайын.

ТАРИХ ЖӘНЕ ТАҒДЫР

Бүгіндері өкінішке қарай, бұқаралық ақпарат құралдарынан «біз көшпелі болдық» дегенді жиі естиміз. Көшпелі болдық дегенді жұрт «түгі жоқ, мәдениеттен жүрдай» деп түсінеді. Егер олай болса Тараздың екі мың, Түркістанның 1500 жылдығын қалай тойлайық?! Қазақ жерінен табылып жатқан жәдігерліктер, руханы, мәдени жазба мұраларды көршілес кейбір жұрттар өздерінікі санап, ие болып жатқандары содан емес пе? Әбу Насыр Әл Фараби де күні-бүгінге дейін түрлі елдердің ғалымы саналып жүрді. Бүйтіп өзіміздікінен күмәндана, күдіктене берсек, барымыздан айырылып қалмаймыз ба?!!

Отырар өркениетінің дәуірлеу кезінде өмірге келген Әбу Насыр Әл Фарабидің туған Отаны Қазақстанда ұлы ойшылдың мұраларын жинастыру, зерттеу жұмыстары (Э.Колыанның «Большевик Казахстана» журналының 1942 жылғы 24-санында жарияланған «Великое наследие» атты зерттеу еңбегін айтпағанда) негізінен ғалым А.Машанов пен Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының директоры Н.Ахмедованың 1960 жылғы 15 қарашада Қазақ КСР Ғылымдар академиясының президенті Қ.Сәтбаеваға Фараби мұраларын ғылыми іздеуші, жинастыру, көшірмеуле, аудару, зерттеу жұмыстарына байланысты көмек сұрап Әбу Насыр Әл Фарабидің еңбектерінін біркатарын мен де әлемдік кітапхана, архивтерден, музейлерден жекелеген мұрағаттарынан алып, ғылыми айналымға енгіздім.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін шыққан еңбектерде тәжіктер Әбу Насырды Тәжікстанда, өзбектер Өзбекстанда туған деп келді. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап қана Әбу Насыр Әл Фараби қазақ жеріндегі Отырарда (Фараба) туған, түркі тайпасынан шыққан ғалым деп жазыла басталды. Бұл ретте Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының директоры, КСРО ҒА академикі, тарихшы, ғалым Б.Ғафуров (1908-1977): «Әл Фарабиді қазақ етіп көрсетуге тырысу да жасанды әрекет болады. Әл заманда ұлт болып бірігу процесі аяқталудан әлі, тіпті алыс еді. Сол сияқты оны өзбек деп кесіп айту да әділеттілік бола қояр ма екен? Фактілер негізіне сүйіне отырып, Әл Фараби кейін қазақ халқының құрамына қосылған түркі тайпасынан шыққан... дей аламыз» деді.

Қорытынды: Әбу Насыр тек түркі халқы, оның ішінде қазақ жұрты ғана емес, бүкіл ислам өркениетінің, қала берді бүкіл дүние жүзінің мақтанышы, бүкіл адамзатқа ортақ ірі тұлға. Ал енді кеменгердің қазақ жерінде туылғандығы біз үшін үлкен мақтаныш.

Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,

Р.Сүлейменов атындағы

Шығыстану институтының директоры





175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Дана Абайды, дара Абайды кең даласының төсінде аунатып өсірген киелі жер Жидебайдың жандана түсетіні дүйім жұрттың жан сарайын жадыратар жағымды жаңалық болды. Ұлы ақынның ұлы туындылары ұлан-ғайыр атырапқа дәл осы мекеннен тарағаны рас. Хәкімнің тұрған үйі, қолданған заттары сақталған Жидебайды қандай өзгерістер күтіп тұр? Бұны бізге «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Жандос Әубәкір айтып берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы

Қорық-музейінің директоры Жандос Мағазбекұлы: «Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде хәкімнің мерейтойына байланысты әзірлік жұмыстары басталып та кетіпті. Музей кешенін қайта жаңғырту, ағымдағы және күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізу, абаттандыру, жарықтандыру шаралары қолға алынған. Бас музейдегі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 30 млн теңге және Абай музейі экспозициясын жаңғыртуға 250 млн теңге бөлінбек», — дейді.


Оның айтуынша, музейге келушілер саны жылдағыдан артпаса, кеміген жок. Ал Ұлылар мекенінен орын тепкен қасиетті жердегі музей мамандарының қызметі қызып тұр. Ақынның 175 жылдығында халық назары Семейге, Абай музейіне, дала данышпандарын тудырған киелі мекенге ауатыны анық.

өмірі мен шығармашылығына арналған көрме өткізілді. Алдағы уақытта еліміздің Алматы, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Талдықорған және тағы басқа бірнеше шаһарында, сонымен бірге Ресейдің Новосібір, Омбы, Барнауыл қалаларында музей қорынан көрме ұйымдастырылатын болады. Семей қаласында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Абай Құнанбайұлының таңдамалы шығармаларының 4 тілдегі жинағы (қазақ, орыс, қытай, ағылшын), музей туралы альбом-кітап, буклеттер дайындалады», — деп түсіндірді.

Тамыз айында мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Жидебайда Абайдың 175 жылдығына арналған мерейтойлық шара өтеді. Ал облыс көлемінде ақын тойы Абай ауданының орталығы Қарауылда аталып өтпек.

Хәкімнің қыстағы болған бұл мекеннің бүгінгі келбетін көру үшін арнайы барып қайтқан едік. Келе сала көзімізге Абай музей-үйі түсті. Бұл ақын өмірінің соңғы жылдары өткен қыстауы. Мұнда өз жобасымен арнайы қала мәдениеті үлгісінде салынған үйі орналасқан. Абай

МҮКІС МҮЙІС



Руслан Ерботаның facebook парақшасынан



«Совок» — көсіп сөзіне қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Бауыржан Жонкешов түсініктеме берді.

Совок — көсіп. Бұл сөз бекітілген терминдер тізімінде жоқ. Орысша-қазақша сөздікте «қалақ; қалақша» деп берілген (*sozdik.kz*). «ҚАЛАҚ Ағаштан, темірден жасалған кішкене күрекше. 2.

Ескектің суды есетін бөлігі. (Қазақ сөздігі). Арнайы орындар арқылы бекітілмесе де халық арасында бұл құралды «қалақ» деп атайтындығы белгілі. Сол себептен де бұл сөздің қазақ тіліндегі баламасы «қалақ» болуы тиіс деген ойдамыз.



Қазақстан» атты мақаласында мерейтой жылы аясында Абайдың кастерлі мекені — әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы

Жандос Әубәкір: «Биылғы жылдың басынан бері Нұр-Сұлтан, Павлодар қалаларында Абай Құнанбайұлының

әменгері Еркежанмен осы Жидебайдағы қыстауында тұрған. Музей ішіндегі бөлмелер де көзге

ыстық көрінеді. Үлкен қонақ бөлмеде хәкімнің Еркежанға сыйға тартқан күміс ертоқымы, генерал-губернатор сыйға тартқан үш ауызды берен мылтығы, Құнанбай қажының тақиясы мен кісебелбеуі, Ұлжан ананың өз балаларын нәресте кезінде қырқынан шығарғанда пайдаланған жез легені мен қазмойын құманы бар. Қабырғадан ақын Абайдың 51 жаста ұлдары Ақылбай мен Тұрағұлдың ортасында отырып түскен фотосуретін көруге болады.

Жұмыс бөлмесінде Абай пайдаланған тоғызқұмалақ, дейбі такталары, шақшасы, есепшоты тұр. Бәйбішесі Діләннің

жасауымен келген төсегі де осында. Абай музей-үйінің ас бөлмесінде бутартпа пеші, самауырлар қойылған. Үлкен самауыр ақынның 125 жылдық мерейтойына музейге сыйға беріліпті. Абайдың Әйгерімге сыйға тартқан күміс ертоқымы да музей-үйдің төрінен орын алған.

Жидебай аумағындағы Маңғыстаудың ақ тасынан салынған Абай, Шәкәрім кесенелерінің сәулеті, тіпті ерекше. Бұл кесенелер 1995 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай салынған. Сарыарқа төсімен жүзіп келе жатқан алып кеме тәрізді. Идеяның авторы, бас архитектор Бек Ибраев, салушы құрылысшы Сайын Назарбек. Бұл жерде Абай кенже інісі Оспанмен, Шәкәрім қажы ұлы Ахатпен және Оспанның бәйбішесі болған Еркежан жерленген мазар кешені орналасқан. Кешен ортасында грек архитектурасы үлгісінде амфитеатр салынған. Мұнда жыл сайын республикалық Абай-Шәкәрім оқулары өтеді.

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ,
Шығыс Қазақстан облысы



ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажеттігін айтты.

К.Тоқаев: «Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек. Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салу қажет», — делі.

Абай ауданында орналасқан Жидебай Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан шұрайлы жер. Кезінде тобықты руының Жігітек атасы мекен еткен деседі. ХІХ ғасырдың орта тұсында Жидебайды аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы өз иелігіне алып, қыстау салдырған. Қазақтың бас ақыны Абай 1880 жылы мұнда медресе салдырыпты. Құнанбай дүниеден өткен соң Жидебайды хәкімнің інісі Оспан иемденген. Ал 1891 жылдан кейін қыстау Абайдың еншісінде болыпты. Қазір Еуразияның кіндігінде тұрған осы жерде ақынның музей-үйі бар. Еліміздің түкпір-түкпірінен бөлек, шетелден меймандар келетін Жидебай алдағы уақытта жандана түспек.



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алкасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2196;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 32 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.